Сыр бойы

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

23 | МАМЫР СӘРСЕНБІ | 2015 жыл №73-74 (18961-18962) | ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ | www.syrboyi.kz

● ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы VIII Астана экономикалық форумының жұмысына қатысты.

«Инфрақұрылым: экономиканың орнықты өсімінің драйвері» тақырыбына арналған форум жұмысына әлемнің 90 елінен 3000-ға жуық саяси, сарапшылық және іскерлік топ өкілдері келді.

БІРІККЕН ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КЕҢІСТІК

өзара ықпалдастыққа дем береді

Қазақстан Президенті форумда сөйлеген сөзінде бүгінгі жаһандық кеңістікте болашақтағы өркендеуге қауіп төндіретін сынқатерлер туындап келе жатқанына назар аударды.

– Біз әлемде бұрынғы тежеу және арасалмақ сақтау жүйесінің күйреуіне, ұлы державалар көшбасшылары арасындағы сенімнің жоғалуы мен халықаралық құқықтың қожырауына куә болып отырмыз. Халықаралық институттар бейбітшілік пен тұрақтылыққа кепілдік бере алмайды. Сонымен қатар климаттың өзгерісі жылдам жүріп жатыр. Бұл салдары ауыр табиғат апаттарынан көрініс табуда. Азық-түлік тапшылығы да жалғасып отыр. Халық санының, табыс пен урбанизацияның өсуі секілді үшжақты үдерістің қысымымен таяу 30 жылда азық-түлік өндірісін екі еселеуді қажет етеді. Мұны жердің ресурсы тауысылып жатқан кезде істеуге тура келеді, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Мемлекет басшысы көлік саласындағы бірлескен бастамалар ынтымақтастық үшін жақсы іргетас болатынын айтты.

– Ол елдердің, сондай-ақ өңірлік бірлестіктердің өзара тығыз іс-қимылы мен ықпалдастық формаларына бастау болуы тиіс. Мен Біріккен еуразиялық экономикалық кеңістік құруды ұсынамын. Бізге барлық қатысушылардың ұлттық мүдделерін ескеретін және кедергілерді жоюға, өзара тиімді ықпалдастықты арттыруға бағытталатын бірыңғай қағидалар қабылдау маңызды. Қағидалар бірінші кезекте сауда, тасымал және ресурс қозғалысына қатысты болуы тиіс. Жібек жолының экономикалық белдеуін құру түпкі мәнінде осы қағидаттарды қалыптастырады, – деді Қазақстан Президенті.

Нұрсұлтан Назарбаев ұсынылып отырған Біріккен Еуразиялық кеңістік аясында құрлықтың әрі қарай даму бағыттары мен ықпалдастық деңгейін арттыру жөніндегі ұсынымдар әзірленетін, тұрақты жұмыс істейтін алаң құру қажеттігін атап өтті. Мемлекет басшысы Астана экономикалық форумының осындай алаң бола алатынын айтты.

Форумның жалпы отырысының модераторы BBC бас бизнес-тілшісі Л.Юэ болды. Сондай-ақ іс-шара барысында БҰҰДБ әкімшісі Х.Кларк, Люксембург Премьер-министрі К.Беттель, JP Morgan Chase International компаниясының төрағасы Д.Френкель, экономист К.Рогофф, Roubini Global Economics президенті Н.Рубини сөз сөйледі. Сонымен қатар, форум қатысушыларына ЭЫДҰ бас хатшысы сөз арнады.

● ОБЛЫСТЫҚ МАЛШЫЛАР СЛЕТІ

20 ЖЫЛДАН КЕЙІН ЖАЙЛАУДА ЖҮЗДЕСЕДІ

Мамырдың 22-23 жұлдызында Жаңақорған ауданында малшылардың облыстық слеті өтеді. Атакәсіпті ардақ тұтқан қажырлы еңбек иелерінің басқосу слеті араға 20 жыл салып өткелі отыр. Бұрынғы «Жұлдыз» шаруашылығының «Үсен бауы» аталатын жердегі малшылар слетінде атакәсіпті өрістетудің жолдары әңгімеленіп, осы салаға айрықша еңбек сіңірген азаматтар марапатталады. Соңынан өнер шеберлерінің концерті де осы қауымға арналмақ.

Мал шаруашылығы қазақ халқының негізгі атакәсібі екендігі белгілі. Бұл шаруа адамдардың адал бейнетпен нәпақа айырумен қатар тұрмыстық қарым-қатынастарды реттеп отыратын тетік ретінде де зор мәртебеге ие. Қандастарымыздың жеке-дара тіршілік етуді емес, бірлесе, ауыл- аймақ, ағайын-туыс, жекжат-жұрағат болып, қауымдаса әрекет етуге қалыптасқандығын көне тарих беттері айқындап отырады. Қоғамдық өзгерістерге сай жұртшылық қолдағы малдан айырылып, уақытша ала дорба арқалағанымен міне, айналып, байырғы кәсібіне қайта ден қоя бастады. Шаруақор жандардың төрт түлікке өріс толтыруына, әрине, мемлекеттік қолдаудың үлкен ықпалы болғандығын айтқанымыз дұрыс. Қазіргі малшы, қойшылар заман талабына сай нарықтық қатынастың да шарттарын жетік игере бастады. Мұны жаһандану дәуіріндегі талаптарға бейімделу, бәсекелестік заңдылықтарын игеру деп түсінген жөн. Облыс бойынша бүгінгі күні нақты түрде тіркеліп, мал шаруашылығымен айналысып жүрген 305 шаруа қожалығы бар болатын болса, облстаттың соңғы мәліметі бойынша ағымдағы жылдың 1 қаңтарына обмалы кезеңде 216,6 мың бас қозы мен лақ қора толтырып, немесе жүз аналыққа 73-тен төл алынған. 12,4 мың бас құлын, 5,36 мың бас бота алынған, тиісінше жүз аналыққа 34 құлын және 38 бота алынған. Өткен жылдың осы мерзімінде әр жүз аналыққа 31 бас бұзау, 69 қозы мен лақ, 34 құлын және 27 бас бота алынғандығын да біле жүрген артықтық етпес.

«Сыбаға» бағдарламасы аясында Жаңақорған ауданы бойынша сиыр сатып алу жоспары 1790 бас болса, бүгінгі таңға 56 шаруа қожалығы «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-нан 432,2 млн теңге несие алып, 2532 бас сиыр сатып алды, немесе жоспарын 141%-ға, Қазалы – 135%-ға, Сырдария – 114%-ға, Шиелі – 101%-ға орындады. Сондай-ақ «Алтын асық» бағдарламасы бойынша қой малын сатып алудан Жаңақорған, Шиелі және Қазалы аудандары алда келеді. «Құлан» бағдарламасы бойынша жылқы малын сатып алудан Шиелі, Жалағаш, Қазалы аудандары жақсы жұмыс атқаруда.

Араға жиырма жыл салған малшылар слетінің Жаңақорған ауданында өтуінің себебі оңтүстіктегі бұл аудан Сыр бойындағы төрт түліктің басымына ие. Бір жағында қарт Қаратау, бір жағында ежелгі Сыр, онан әрі қарай бұйрат құмдары қызылға қарай жалғасқан аймақ мал басын өсіруге барынша қолайлылығын байқатып, мұндағы жамағат та атакәсіпті өрістетуге ерекше құлшыныста екендігін аңғартты. Сондықтан да малға да, малшыға да мұнда кең өріс.

Жаңақорған ауданында мал басының өсімі мен мал шаруашылығына қатысты мемлекеттік бағдарламалардың орындалу барысы жоғары дәрежеде екендігі есепті жиындарда орынды аталып келеді. Ауданда 3 асыл тұқымды қой шаруашылығы, 1 сүт бағытындағы асыл тұқымды Әулие ата тұқымдас мүйізді ірі қара шаруашылығы болатын болса, өзге де жеке қожалықтардағы мал басын қоса келгенде нақты кезеңде, 45 бас мүйізді ірі қара, 181 мың бас уақ мал, 10 мыңнан астам жылқы, 1017 бас түйе малы өсірілуде.

2-бет

облыс бойынша 257,8 мың бас МІҚ, 567,4 мың бас қой мен ешкі, 86,2 мың бас жылқы, 34,7 мың бас түйе малы тіркелген. Бұл дерек 1990 жылмен салыстырғанда МІҚ малы 17 %-ға, жылқы 20%-ға және түйе малының саны 32%-ға өскендігі байқалады.

Тағы да дерек көздеріне сүйенсек, облстаттың мәліметінен үстіміздегі жылдың 1 мамырына облыс бойынша 35,5 мың бас бұзау алынғандығы, немесе жүз аналыққа 31-ден төл өргендігін көрер едік. Салыстыр-

ОБЛЫС ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Облыстық мәслихаттың кезекті 38 сессиясында «Облыс аумағында еңбек құқықтарының сақталу жайы және оны жақсарту шаралары туралы» мәселенің қаралуына байланысты ұсыныс-пікірлерді 2015 жылғы 25 мамыр - 30 мамыр аралығында 605401, 401191(5769), 401191(5770) телефондары арқылы жұмыс уақытында немесе Қызылорда облыстық мәслихатының сайты: www.maslikhat.e-kyzylorda.gov.kz арқылы жолдауға болатынын хабарлаймыз.

Облыстық мәслихат.

● МӘЖІЛІС

ТЕСТІЛЕУГЕ ТЫҢҒЫЛЫҚТЫ ДАЙЫНДЫҚ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен Ұлттық бірыңғай тестілеуге және оқушылардың жазғы демалысына әзірлік мәселесі талқыланды.

Биыл облыстағы 251 орта мектепті 6452 оқушы бітіреді. Ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысуға 67 пайызы тілек білдірген. «Алтын белгіге» үміткер саны 227 оқушы болса, 69 шәкірт «Үздік аттестат» алуға талпынып отыр. Тестілеуге қатыспайтын 2149 оқушы мектепте мемлекеттік емтихан тапсырады. Ал 58 түлек халықаралық деңгейдегі ғылыми жобалар байқауларына қатысып, ЖОО грантын жеңіп алған.

Облыстық білім басқармасының басшысы Б.Сайлыбаевтың айтуынша, аймақта 9 жерде Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу пункттері бар. Олардың екеуі Қызылорда қаласында, Сырдариядан басқа аудандардың барлығында пункттер жабдықталған.

Тестілеуге қатысатын 1612 бала алыс және жақын елді мекендерден тасымалданады. Оқушыларды тасымалдау кезіндегі қауіпсіздік шаралары, жатын, тамақтану орындарының санитарлық жағдайы ұдайы бақылауда.

Тестілеуге әзірлік тыңғылықты жүргізілді. Айына 2 рет сынама тестілеу өткізіліп, оның қорытындысы терең сараптаудан өтті. Білім басқармасы басшысының айтуынша, осы реттегі ең негізгі мәселе мұғалімдердің кәсіби біліктілігіне барып тіреледі. Облыс басшысы мұғалімдердің өздерінің де оқушыларымен бірге байқау тесттерінен өтуін тапсырған еді. Бұл ұстаздарға сенімсіздіктен туындап отырған жоқ, білім сапасын жан-жақты сараптау үшін қажет қадам. Тапсырма ұсыныс ретінде енгізіліп, мұғалімдер өз пәні бойынша сынақ тапсырды. Алдағы жылы жоғары сыныптарға сабақ беретін оқытушыларды алдын ала тесттен өткізу жоспарланып отыр.

Мамыр айындағы сынама тестілеудің орташа балы 84,7 болды. Қыркүйек айында алынған сынама тесте оқушылар орташа 61,3 балл жинаған еді. Биылғы көрсеткіштің жоғарылауына Қамбаш және Жаңақорғандағы оқу-сауықтыру орталықтарында өткен дайындық жұмыстарының оң әсері тиді. Тестілеуге қатысушылардың 50 пайыздайы осы орталықтарда сынаққа әзірленді.

2-бет

● РУХАНИ ҚАЗЫНА

ХАЛЫҚ ЖАЗУШЫСЫНЫҢ КІТАПХАНАСЫ ЕЛ ИГІЛІГІНЕ АЙНАЛДЫ

Бейсенбіде мәдениет және өнер қызметкерлерінің күніне орай Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында Қазақстанның халық жазушысы, драматург Қалтай Мұхамеджановтың жеке кітапханасы ашылды.

Салтанатты рәсімге жазушының қызы Жәмила мен інісі Ақылбек Әбиұлы және белгілі ақын-жазушылар, зиялы қауым өкілдері қатысты.

Шараны ашқан облыс әкімі Қырымбек Көшербаев жұртшылықты жеке кітапхананың ашылуымен құттықтап, жылы лебізін білдірді.

– Қалтай ағаның өмірден озғанына да 14-15 жылдың жүзі болды. Артында бай әдеби мұра, яғни, драмалық шығармалары, публицистикалық еңбектері мен аудармалар қалдырған халық жазушысы әрқашан әдебиетсүйер қауымның жадында сақталмақ. Міне, бүгін туған жерінде Қалтай ағаның жеке кітапханасы ашылып отыр. Осы арқылы ол кісінің екінші өмірі басталды деп те айтуға болады. Келешекте бұл кітапхананың халық игілігіне қызмет ететін мәдени орталыққа, оқырмандарының ең бір айтулы білім ордасына айналарына сеніміміз мол,– дей келе, облыс әкімі жиылғандарға құтты болсын айтты.

Сондай-ақ, салтанатты шарада жазушының қызы Жәмила сөз алып, бұған дейін әкесінің әдеби мұрасын, жинаған кітаптарын өзге аймақтардағы жоғары оқу орындарының сұрағанын, алайда анасы Фарида ешкімге бермегенін және туған жерінде жеке кітапханасының ашылып отырғанына қуанышын білдіріп, алғысын айтты.

Онан соң жиылғандар кітапхананы аралап көріп, ондағы дүниелермен танысты.

Айта кетейік, қаламгердің шығармалары көптеген шет тілдеріне аударылып, АҚШ, Ұлыбритания, Болгария, Венгрия, Моңғолия, Ресей, Қырғызстан және тағы басқа елдердің театрларында қойылған.

Жазушының жеке кітапханасында сегіз мыңға жуық кітап бар, оның ішінде екі мыңға жуығы қазақ тіліндегі кітаптар болса, 5767-сі орыс тіліндегі дүниелер, 488-і шетел тіліндегі еңбектер. Сонымен бірге көп жылдар пайдаланылған заттары, жазу құралдары, кәдесыйлары мен портреті бар.

Айнұр БАТТАЛОВА.

Сыр бойы газетіне 2015 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу жүріп жатыр

Басылымның алты айға жазылу бағасы: жекелер үшін – 2750, мекемелер үшін – 3750, редакциядан тікелей жаздырып алатындар үшін – 2500 теңге. Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ филиалында жүргізіледі.

БИІКТЕРГЕ БАСТАЙТЫН БЕС РЕФОРМА

● ШЕТЕЛДІК САРАПШЫЛАР ПІКІРІ

ЕЛ ДАМУЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕ СЕРПІН

VIII Астана экономикалық форумының Жалпы отырысында сөз сөйлеген JPMorgan Chase International корпорациясының төрағасы, Израильдің жетекші экономистерінің бірі Джейкоб Френкель «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын ел дамуындағы ерекше серпінге балады.

«Қазақстан «Бес институционалдық реформаны жүзеге асырудың 100 қадамы» жоспары арқылы үлкен жетістікке жетеді. Өздеріңіз білесіздер, Айға ең алғаш қадам басқан Нил Армстронг «бір адамның жасаған кішкентай қадамы барлық адамзат үшін жасалған ұлы қадаммен пара-пар» деген болатын. Ол бір ғана қадам туралы осылай айтты. Ал біз бүгін 100 қадам туралы айтып отырмыз және бұл жай ғана қадамдар емес, Қазақстанның дамуындағы «алып секіріс» болады», - деді ол.

БҰҰ-ның экономикалық және әлеуметтік мәселелер бойынша департаментінің электронды үкімет басқармасының жетекшісі Винченцо Акваро Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев ұсынған Ұлт жоспары – елдің бес институционалды реформаларын орындауға бағытталған «100 нақты қадам» бағдарламасы БҰҰ-ның 2015 жылдан кейінгі дамудың 17 мақсаты принциптеріне сай келеді деп есептейді.

«Мен сіздер алдағы жылдары қолға алатын қадамдар жайында БАҚ беттерінен оқып, егжей-тегжейлі таныстым. Ол жалпы айтқанда, Үкіметтің жұмысын оңтайландыруға және алда тұрған мәселелерді кешенді шешуге бағытталған. Ол үшін Үкіметтің ашықтығы мен мемқызметкерлердің жауапкершілігі күшейтілмек», - деді Акваро VIII АЭФ барысында.

Оның пікірінше, бұл өз кезегінде үкіметтің азаматтармен тығыз қарым-қатынаста болуына жол аша түседі.

БҰҰ өкілінің айтуынша, бұл шынында мықты әрі нақты реформа. Ол Үкімет пен халықтың байланысын күшейте түседі. Онда мемлекеттік қызметкерлердің жауапкершілігін арттыруды және Үкіметтің ашықтығын көздейді.

Ол өз хабарламасында қазақстандық бағдарлама биыл қыркүйекте қабылданатын БҰҰ-ның 2015 жылдан кейінгі дамудың 17 мақсаты принциптеріне сай келетінін ерекше атап өтті.

МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫ ЖАҢА ДЕҢГЕЙГЕ КӨТЕРЕДІ

Еліміз бұл жолы да ең бағдарламасымен болашаққа нық қадам басып отыр. Шетелдік сарапшылар Қазақстанның бес институционалды реформаларын орындауға бағытталған «100 нақты қадам» стратегиясын оқығанда экономикасы қарыштаған Сингапур сынды мемлекеттердің ұлттық жоспарымен пара-пар екенін таныдыспен айтуда. Ал біз елімізді алға жетелейтін бағдарламамен танысқанда келешекке деген сеніміміз нығайған үстіне нығая түсті.

Ең алдымен, «100 нақты қадам» стратегиясында мемлекеттік басқару сапасын жаңа деңгейге көтерудің жолдары ұсынылып отыр. Оны рет-ретімен жүзеге асыра алсақ, азаматтық қоғамның рөлі күшейіп, мемлекеттік басқару органдарының жұмысы жеңілдейді. Заманның өтіп, уақыттың озуына байланысты тәжірибе де молая түседі. Осы тұрғыда мемлекеттік қызметке көзқарастың өзгеріп отыруы да заңдылық. Мәселен, «Кәсіби мемлекеттік аппарат құру» бөліміндегі 9-қадамда көрсетілген «Мемлекеттік қызметкерлерді тұрақты түрде оқыту жүйесін заңды түрде бекіту – үш жылда бір олардың кәсіби шеберлігін арттыру» туралы талап орынды көрінді. Оның назар аударту себебі, бүгінде осы жауапты салада жас мамандар қатары ұлғайып келеді десек, алайда бірқатарының адамдармен жұмыс істей білуі, жұрт өтініш-тілектерін түсіністікпен қабылдауы уақыт, заман ырғағына байланысты біліктілік деңгейі жоғары талапқа сай келмейтінін жасыруға болмайды. Елбасының «Нұр Отан» партиясының кезекті XVI съезінде: «Әрбір басшы мансап жолын төменнен бастауы тиіс» деп айтуы тектен-тек айтылмағанын аңғарамыз. Мұны 1-қадам етіп отыр. Сондықтан мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби шеберлігін жетілдіру өте маңызды мәселе. Бұған қоса, 12-қадамда айтылған «Мемлекеттік қызметтің жаңа Этикалық кодексін жасау» 13-қадамдағы «Жемқорлыққа қарсы күресті күшейту» мәселелері де олардың жауапкершілігі мен жұмысының сапалылығын арттыруға бағытталғанын білуге болады.

Дамыған отыз елдің қатарына қосылуда бағдарламаның бағыт-бағдар беріп, қандай қадамдар жасау керегі тайға таңба басқандай көрсетілгені қуантады. Әрине, оған жету оңай іс емес. Тынбай еңбек ету керек. Елбасының бастамаларына жұдырықтай жұмылып, алға қойған міндеттерді шешуге белсенділік қажет.

Ләйла БАРАХАТҚЫЗЫ,
Қазақ гуманитарлық заң және техникалық колледж оқытушысы.

БАСТЫ БАЙЛЫҚ – БАСТЫ НАЗАРДА

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Ұлт Жоспары – 100 қадам: баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» атты бес институттық реформасын жариялағаны белгілі. Бұл – мемлекетеміздің дамыған 30 елдің қатарына қосылуы үшін жасалатын нақты және қарышты алға ұмтылудың алғышарты, баянды жоспары. Онда кәсіби мемлекеттік аппарат құру, заң үстемдігін қамтамасыз ету, индустрияландыру және экономикалық өсім, біртектілік пен бірлік, есеп беретін мемлекет қалыптастыру секілді қадау-қадау мәселелер айтылған.

Бағдарламада көтерілген мәселелердің барлығын халық қолдайды деп сенемін. Өйткені, бұл уақыт талабына сай жасалып отырған реформа. Бес реформаны жүзеге асыруға бағытталған 100 нақты қадамның қай-қайсысы да өзекті. Мұның бәрі бірін-бірі байытып, толықтырып отыратыны анық. Әйтсе де, соның ішінде бізді денсаулық сақтау саласының қызметкері ретінде үшінші идустрияландыру және экономикалық өсім бөліміндегі 80-81-қадамдар айрықша қызықтырғанын айтқым келеді.

Жалпы, Елбасы қазақстандықтардың денсаулығын қорғауға қашаннан ерекше қамқорлық танытып, аса көңіл бөліп келеді. Оған жыл сайынғы Жолдауларында денсаулық сақтау саласын дамытуға байланысты нақты тапсырмалар жүктеп, медициналық қызметтің сапасын арттыру, медициналық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған түрлі шаралардың ұсынылып отырғаны дәлел.

80-81-қадамдарда міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды енгізу, жекеменшік медицинаны дамыту, медициналық мекемелерге корпоративтік басқаруды енгізу жайлы айтылған. Бұл өз уақытында әрі дер кезінде жасалып отырған баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет үшін аса қажетті қадамның бірі деп есептеймін. Яғни, мемлекет, жұмыс беруші және азаматтың ынтымақтасқан жуапкершілігі қағидаты негізінде денсаулық сақтау жүйесінің қаржылық орнықтылығын күшейту, бастапқы медициналық-санитарлық көмекті басымдықпен қаржыландыру саланы дамытудың алғышарттарының бірі болса, тұрғындар саулығын сақтауда сапалы медициналық көмектің артуына да оң ықпалы болары сөзсіз.

Мемлекеттің басты байлығы – адам. Осыдан да ел салығы ұдайы назарда тұрады. Жоғарыда нақтыланған қадамдарда айтылғандай, денсаулық сақтау саласын дамыту, заманға сай қайта бағыттау ең дұрыс шешім деп білемін.

Жаннат ҚОЖАРИПОВА,
облыстық жұқпалы аурулар ауруханасының бас дәрігері.

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС ҚҰРЫЛҒАНЫН ҚОЛДАЙМЫЗ

Қазір ел арасында Елбасының «100 нақты қадам» бағдарламасы қызу талқыға түсіп жатыр. Негізгі салалар қамтылған бағдарлама болашаққа тың күшпен, етек-жеңін жиған тиянақтылықпен қадам басуға сеп болмақ. Бағдарламаның екінші бөлігі тұтастай заң үстемдігін қамтамасыз етуге арналып отыр. Бұл – өте орынды. Халық әділдік пен қорған іздеп заң орындарына барады, ал олардың әлсіз болуы – қоғамды дімкәс халге түсіріп, тұрғындардың ренішін туындатуы мүмкін.

«100 нақты қадам» бағдарламасына сәйкес Президент жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Асқар Шәкіров брифинг өткізді. Онда Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев ұсынған бес институттық реформа негізінде адам құқықтарын қорғаудың ұлттық жүйесін жетілдіру және азаматтық қоғам дамуының талаптары сөз болды. Оның айтуынша, қазіргі таңда Омбудсмен мекемесіне азаматтардан келіп түсетін шағымдардың 14 пайызында рәсімдерді бұзу, салғырттық пен әуре-сарсаңға салу және лауазымды тұлғалардың әрекетсіздігі туралы фактілер көрсетіледі екен. Сонымен қатар, азаматтар көбінесе өздерінің нақты заңнамалар мен халықаралық құжаттар аясындағы құқықтары да жиі бұзылатындығына байланысты арызданатыны белгілі болды. Бұған қоса, кейбір жеке лауазымды тұлғалар тұрғындардың мәселелері мен сауалдарына өз деңгейінде жауап беру қажеттігін ескермейтіні де көп кездесетін көрінеді.

Бағдарламада баса назар аударылып отырған заң саласын, құқық қорғау орындарын оңтайландыру, жаңғырту – өте өзекті, қажетті мәселе. Соның ішінде, 31-қадам, яғни этикалық нормаларды бұзуға жол беретін полицейлердің іс-әрекеттеріне шағымданған азаматтардың арызын қарау жөніндегі қоғамдық кеңес жүйесін құру арқылы полицияның ашықтығын қамтамасыз ету мәселесі әркімнің ойынан шығары анық. Жасыратыны жоқ, қызметтік құқығын асыра пайдаланып, тіпті кей жағдайларда заңды өздері бұзып, орынсыз жағдайларға жол беретін полицейлер аталған саланың абыройына нұқсан келтіріп жатады. Осыдан келіп ел арасында құқық қорғаушыларға деген сенім мен құрмет азаяды. Мұндай жағдайларда олардың тиісті орындарға шағымдануына тура келеді, полицейдің ісін, тәртібін тиісті орындармен бірге қоғамдық кеңестердің талқылауы, сараптауы дұрыс-ақ. Кез келген арыз-шағымды қоғамдық кеңес мүшелерінің қарауы полицей жұмысының ашықтығын қамтамасыз етеді әрі тұрғындардың заңға деген сенімін орнықтыра түседі. Осындай жауапты, маңызды міндетті мойнына алған қоғамдық кеңестердің мәртебесі мен өкілеттігі заңды түрде белгіленуі керек.

Ш. ТОҚЖОЛОВ,
қала тұрғыны.

ТЕСТІЛЕУГЕ ТЫҢҒЫЛЫҚТЫ ДАЙЫНДЫҚ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Мәжілісте басқарма басшысы пәндер бойынша жасалған сараптаманы жариялады. Оқушылар міндетті пәндердің ішінде математикадан орташа 12,1 балл жинап, төмен көрсеткіш көрсетіп отыр. Орыс тілінен орташа 13,2 балл, қазақ тілінен 21 балл, тарихтан 20,1 балл жинаған.

Биыл ҰБТ тапсыруда бірқатар өзгерістер енгізілді. Тестілеуге қатысушыларды аудиториялары емес, мектептері бойынша кіргізу жоспарланған. Әр мектептің директоры, сынып жетекшісі, мектеп психологы балалардың тестілеу орталығына келуі мен үйіне қайтуына дейін қадағалайды. ҰБТ тапсыру барысында оқушы ұялы телефон, тағы басқа тыйым салынған заттар пайдаланған жағдайда мемлекеттік комиссияның келісімінсіз аудиториядан шығарылады. Сондай-ақ, ҰБТ қорытындысына тест тапсырушының аты-жөні емес, ЖСН нөмірі жазылады. Бұл балаларға психологиялық тұрғыдан жеңіл болады. Бұрын мектеп бітірушінің аттестатына ҰБТ-да алған балына сәйкес бағасы қойылатын. Орта немесе нашар оқитын оқушылар тестілеуден әртүрлі себептермен жоғары балл алса, аттестатқа жоғары баға түсетін. Керісінше өте үздік оқитын бала тестте нашар баға алса, құжатына сол бағасы қойылатын. Енді оқушының жылдық қорытындысы мен ҰБТ бағасының арифметикалық ортасы шығарылып, аттестатқа түседі.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысы мен сауықтыруын ұйымдастыруға, денсаулығын жақсартуға, шығармашылық еңбегін, қабілетін арттыруға қатысты болды. Жыл сайын жазғы демалыс қала сыртындағы лагерьлерде, табиғаттағы шатырлы лагерьде, еңбек тынығу лагерьлерінде, оқушылар үйіндегі дебаттық клубтар мен аула клубтарындағы үйірмелер және спорттық секцияларда, көркейту-көгалдандыру, құрылыс-жөндеу бригадаларында, тарихи орындарға саяхат формасында ұйымдастырылып келеді.

Аймақта қала сыртындағы 9 лагерь бар. Олар Қармақшы ауданынан басқа барлық аудандар мен Қызылорда қаласы аумағында орналасқан. Жергілікті кәсіпкерлер мен ірі кәсіпорындар өз демеушілігі есебінен қала сыртындағы және облыс аймағынан тыс орналасқан тынығу орындарына 3862 оқушыны жіберуді жоспарлауда. Сонымен қатар, мектеп жанындағы күндізгі тынығу лагерьлерінде жалпыға міндетті оқу орны есебінен 48565 оқушы демалады.

Жазғы маусымда Қызылорда қаласы мен барлық аудандарда оқушылардың жазғы демалыстың басқа түрлерімен 51643 бала қамтылады деп жоспарлануда. Нәтижесінде 1-10 сынып аралығындағы 121045 баланың 112571-і жазғы тынығудың түрлерімен қамтылатын болады. Ол барлық оқушылардың 93 пайызын құрайды.

Мәжіліс қорытындысында облыс басшысы оқушылардың қауіпсіздігіне, алаңсыз сынақ тапсыруына қатысты құзырлы органдарға бірқатар тапсырмалар жүктеді. Сондай-ақ балалардың жазғы демалысын ұйымдастырудың талапқа сай жүргізілуі де тиісті басқармалардың назарында болуы тиіс.

1-бет

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.

МӘДЕНИЕТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНДІ

А.Тоқмағанбетов атындағы мәдениет үйінде Мәдениет және өнер қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай салтанатты шара болып өтті. Мерекелік кешке облыс әкімінің орынбасары Рауан Кенжеханұлы қатысып, Сыр мәдениетінің дамуына сүбелі үлес қосып жүрген өнер қызметкерлерін айтулы күнмен құттықтады.

Баршаңызды кәсіби мерекелеріңіз – Мәдениет және өнер қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын! Кеш келген мемлекеттің негізгі тірегі ол елдің мәдениеті. Өздеріңіз білесіздер, Елбасы «Мәңгілік ел» бастамасын қолға алды. Мәдениет пен өнер саласындағы жетістіктеріміз осы мақсат-мұратымызға жетудің бірдің-бір жолы деп ойлаймын. Сондықтан өнер саласындағы еңбектеріңіз жана берсін, шығармашылықтарыңыз алға өрлесін. Сіздердің отбасыларыңызға амандық, дендерінізге саулық тілеймін,- деген Р.Кенжеханұлы бірқатар мәдениет қызметкерлерін ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен, облыс әкімінің «Құрмет грамотасы» және «Алғыс хатымен» марапаттады.

Сондай-ақ, шара барысында облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының басшысы Е.Әбдірахманов та аталмыш сала қызметкерлеріне жылы лебізін білдіріп, басқарма тарапынан бірнеше қызметкерлерге «Алғыс хат» табыстады. Мұнан әрі шара Тұрмағанбет атындағы халық ұлтаспаптар оркестрінің мерекелік концертіне жалғасты. Осылайша, үнемі халық алдында тынбай қызмет етіп жүрген мәдениет қызметкерлері мереке қарсаңында жоғары құрметке бөленді.

М.ОТАРАЛЫ.

20 ЖЫЛДАН КЕЙІН ЖАЙЛАУДА ЖҮЗДЕСЕДІ

Олардың өз төлі есебінен тағы да арта түсетіндігі жоспарлы жүргізілетіндіктен, мал басы көбейе түсетіндігіне ауыл шаруашылығы мамандарының сенімі мол.. Сондай-ақ, қолда бар мал басынан ағымдағы жылдың алғашқы тоқсанында былтырғымен салыстырғанда артықтау ет, сүт өнімдері өндіріліп, түрлі мекемелерге сауаланды. Айта кетерлігі, аталмыш ауданда 9 мал бордақылау алаңы мен 7 мал сою пункті жұмыс жасайды.

Аудан бойынша өткен 2014 жылы мал өсіруші шаруалар мемлекеттен 383,0 млн теңге субсидия алса, биылғы 2015 жылы 400 млн теңге субсидия алады деп жоспарлаудамыз. «Сыбаға» мемлекеттік бағдарламасы басталғалы бері, 2011 жылдан 51 шаруашылыққа 414,7 миллион теңге несие қаржысы бөлінген.

Шиелі ауданында соңғы статесепке қарағанда; 44400 бас ірі қара, 473448 бас қойешкі, 1178 бас түйе, 9456 бас жылқы бар. Осы мерзім ішінде 1058 тонна ет, 3244 тонна сүт, 150 мың дана жұмыртқа өндірілді. Бұл ауданда да мемлекеттік бағдарламалар өз деңгейінде орындалып, мал басы біртіндеп өсіп келеді.

Президентіміздің «Қазақстан-2050» Стратегиясы мен Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамын жетілдіру тұрғысындағы бағдарламаларын орындау барысында мал шаруашылығын дамытуды жолға қоюды онан әрі жалғастыру Сыр жұртшылығына негізгі міндет болып қала бермек.

1-бет

Нұрмахан ЕЛТАЙ.
Жаңақорған ауданы.

● БРИФИНГ

ТАРИФТЕР НЕГІЗСІЗ ӨСПЕЙДІ

«Сыр медиа» ЖШС жанындағы Қызылорда облыстық коммункациялар орталығында өткен кезекті брифингте облыс бойынша реттелетін коммуналдық қызметтер тарифі жағдайы сөз болды. Ол туралы БАҚ өкілдеріне ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары Гүлмира Өтегенова айтып берді.

Департамент өкілі атап өткеніндей, жыл басынан бері электр энергиясы бағасын қоспағанда реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтер тарифтері, өзгерісіз қалып отыр. Үкімет қаулысына сәйкес, 1 қаңтардан бастап сатып алынатын электр энергиясының құны 2,3 пайыздан 10 пайызға, сонымен қатар, «КЕГОК» АҚ тарифі 2014 жылдың 1 қарашасынан 50 пайызға өсуіне байланысты, осы жылдың 10 қаңтарынан бастап энергиямен жабдықтаушы үш ұйымның тарифтері 8,9 пайызға өскен. Алайда, энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың жабдықтаушы үстеме ақысының мөлшері қолданыстағы деңгейде өзгеріссіз қалдырылды. Экономикалық тиімділік мөлшері 497,4 млн теңге.

Жоғарыда аталған себептер бойынша электр энергиясы тарифтерінің өсуі жыл басынан бері республиканың барлық аймақтарында орын алды. Сонымен бірге, «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-ның электр энергиясын орташа босату тарифі ағымдағы жылдың 1 ақпанынан бастап 9,86-дан 9,69 теңгеге дейін, «КЕГОК» АҚ-ның тарифі 1 сәуірден бастап 2,18-ден 2,17 теңгеге дейін және «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ-ның тарифі 1 кВт/сағ 4,20-дан 4,19 теңгеге дейін төмендеуіне байланысты департамент тарапынан энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың тарифтері 0,10-нан 0,15 теңгеге дейін төмендетілді. Атап айтқанда, «Энергосервис» ЕЖШС – 16,15 теңгеден 16,05 теңгеге, «Шиелі Жарығы» ЖШС – 16,83 теңгеден 16,72 теңгеге, «Дәулетэнерго» ЖШС – 18,04 теңгеден 17,89 теңгеге төмендетілген. Соған байланысты экономикалық тиімділік мөлшері немесе тариф төмендеуінен тұтынушылар үнемдеген қаржы көлемі 59 млн теңге болды.

Сұйытылған мұнай газының ішкі нарықтағы бағасының 1 тоннасы үшін ҚҚС-мен 35,3 теңгеден 12,3 теңгеге дейін төмендеуіне байланысты департамент жүргізген сараптамаға сәйкес облыстағы газбен жабдықтаушы ұйымдардың тарифтері орташа 1 кг 21,36-дан 10,99 теңгеге дейін немесе 29,4 пайыздан 61,4 пайызға дейін төмендетілді. Мысалы: «Байқоңырғаз» ЖШС бойынша көтерме саудада өткізу – 1 кг 50,44 теңгеден 19,45 теңгеге дейін (61,4 пайыз), бөлшек саудада өткізу – 1 кг 96,58 теңгеден 65,59 теңгеге дейін (32,1 пайыз), автокөлікке құю – 1 литрі 43,12 теңгеден 26,18 теңгеге дейін (39,3 пайыз) төмендетілді. Г.Өтегенова осындай жұмыстар «Тұрангаз» және «Аралгаз» серіктестіктерінде де жүргізілгенін атап өтті.

Қазіргі таңда 2015-2019 жылдарға ұзақмерзімді кезеңге тарифтерді өзгертіп, бекітуге ұсынған сумен жабдықтау саласындағы 3 субъектінің өтінімі қаралуда. Департамент басшысының орынбасары талдау нәтижелері бұл саладағы тарифтер көлемі көптеген облыстармен салыстырғанда төмен екенін жеткізді. Сонымен бірге, реттелетін коммуналдық қызметтер тарифтерінің өзгерістері жоспарланған инфляция деңгейінде жүргізілетінін және тарифтердің негізсіз өсуіне жол берілмейтінін мәлімдеді.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

БАСТЫСЫ БАЛАДА СЕНІМДІЛІК БОЛУЫ КЕРЕК

Мектеп бітірушілер қазіргі кезде үлкен дайындық үстінде. Сол себепті оларға жіті бақылау жүргізіп, жан-жақты зерттеулер жасап, барынша қолдау көрсетіп жатырмыз. Ең бастысы, балада сенім болуы керек. Егер ата-ана баласына сенім білдіріп қолдаса, жоғары жетістікке қол жететіні сөзсіз. Сондықтан, биыл ата-анамен жұмыс жасауды күшейттік. Бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында тренингтер, кездесулер, түсіндірме жұмыстар жасауды жөн санадық. Сонымен қатар алдағы сынаққа сай бекітілген жоспар бойынша республикалық деңгейде жиналыс өтті. Оған осы саладағы білікті маман Жұлдыз Мақатаева келіп, ата-ана, ұстаздар және психолог мамандар арасындағы байланыс жөнінде кеңінен айтып, кеңестер берілді. Мәселен, биыл бізде төрт сынып мектеп бітіреді. Әрбір баламен жұмыс жасаудамыз. Олардың күнделікті мінез-құлқы, сабақ үлгерімі және ортасымен қарым-қатынасы да назарда. Ал түлектердің сауық кеші мен автошеруін тоқтату жөнінде қалалық білім бөлімінен арнайы хабарлама жасалып, жиналыс өткізілді. Онда ата-аналарға құқық саласының мамандары кеңес беріп, себеп-салдары жөнінде кеңінен айтылды. Ата-аналар тарапынан бұл мәселе қолдау тауып, тосқауыл болуға келісті. Сондай-ақ, оқушылардың мінез-құлқын реттеу, өзін-өзі бақылауы мен ерік-жігерін арттыру мақсатында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылуда. Қазіргі кезде олардың күйзеліске, көңіл күйінің бұзылуына қарсы сенімділіктерін арттыру мақсатында оқу-жаттығу жұмыстары үздіксіз өткізіліп келеді.

Гүлдана НАКИПОВА,
№101 орта мектептің психологы.

ЕЛЖАНДЫЛЫҚҚА БАУЛИТЫН БАСТАМА

Облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының ұйымдастыруымен Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай, Жаңақорған ауданындағы Дарбаза шатқалында "Менің Отаным – Қазақстан" атты туристік слет өтті. Жасөспірімдер мен жастар арасында бұқаралық туристік жұмыстарды жандандыру және өскелең ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылған слет облысымыздағы №5 мектеп-лицейінде шыңға өрмелеу сайысынан бастау алды. Облыс пен барлық аудандардан қатысқан 10 команда шыңға өрмелеу сайысынан өзара бақ сынасып, екі күн Жаңақорған ауданына қарасты Дарбаза шатқалында серуендеді.

Саяхат жасауға бет алған 15-18 жас аралығындағы жасөспірімдер мұнда да 10-нан астам сайысқа қатысып, өз командаларын алға жетелеуде аянып қалмады. Жастар арасында тартысты өткен жарысқа Бақытбек Досмайылов төрағалық етті. Ұйымдастырылған барлық сайыс түрінен қатысушылар өздерінің жылдам әрі епті екендерін таныта білді. Жарыс соңында қазылар алқасының шешімімен, жалпыкомандалық есепте III орынды Арал ауданы, II орынды М.Мәметова атындағы Қызылорда гуманитарлық колледжі иеленсе, I орынға облысымыздағы "Абылай хан" колледжі лайық деп танылды. Команда жетекшілеріне Арнайы алғыс хаттар табысталды. Сондай-ақ, барлық қатысушылар диплом және арнайы алғыс хаттармен бірге, облыстық кәсіпкерлер және туризм басқармасы дайындаған бағалы сыйлықтарға ие болды. Жастар туристік слет барысында ұйымдастырушыларға өз алғыстарын білдіріп, жасөспірімдерге арналған осындай шаралар алдағы уақытта өз жалғасын тапса, – деген өтініш-тілектерін жеткізді.

Облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасы осы күнге дейін түрлі деңгейдегі туристік слеттер ұйымдастырып келеді.

Бұқаралық туризмді жандандыру мақсатында 14-17 наурыз аралығында Маңғыстау облысының туризм басқармасымен әріптестік кездесу өткізді. Кездесу барысында Қызылорда мен Маңғыстау облыстарында туристік әлеуеттілікті дамыту меморандумы жасалды. Алдағы уақытта "Қолөнер – сырлы өнер" тақырыбында қолөнер шеберлерінің республикалық үшінші конкурсын өткізуді жоспарлап отыр. Сонымен қатар, шілде айында Қазақ хандығының 550 жылдығына орай Арал ауданындағы Қамбаш көлінің жағажайында Бардтық авторлық байқауын өткізуге дайындық жұмыстарын жүргізіп жатыр.

– Жасөспірімдерге арналған бұл саяхат өте қызықты әрі тартысты өтті. Біз осындай туристік слеттерді ұйымдастырғанда, салауатты өмір салтын қалыптастырумен бірге өскелең ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелейміз. Туристік слет барысында қатысушылардың Қазақ хандығының 550 жылдығы мен Ұлы Жеңістің 70 жылдығына жасаған картинасынан олардың елге, жерге деген патриоттық сезімін аңғаруға болады. Осындай жастар еліміздің алға өрлеуіне өсе келе өз үлестерін қосарына сенімдімін, – деді облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасы басшысының міндетін атқарушы Құрманкүл Төлепбергенқызы.

Кенжетай БАЛҒАБАЙҰЛЫ.

МАХАМБЕТТІҢ САРБАЗЫ

Спартакпен жүздесу

Бақыт САРБАЛАҰЛЫ

Адал да арлы адам баласына не жетпейді?

Мен жұмыр жер бетіндегі қаптаған қалың екі аяқтылардан «адал да арлы адам баласы» деп бөліп алғанда – бұларды әйтеуір санға есептерден, «өңкей нөлдерден» (Абай) ажыратып отырғанын, яғни әлгі өңкей нөлдерді – қалың көпті басқарушы единица – жақсыларды» (тағы да Абай), бес саусақтай берен санаттағыларды – сардарларды айтып отырғаным өзінен-өзі түсінікті шығар деп ойлаймын. Әйтпесе пендеге жетпейтін нәрсе көп. Аш болсаң қарныңды жұбатар ас керек; жалаңаш болсаң – қабырғаңды қымтап, абыройыңды жабар киім керек. Бірақ жыл сайын миллиард пұт астық өсіріп, атом қуаты түгіл ақыл қуатын өндіре бастаған мына заманда мұндай бесенеден белгілі жайттарды айтып жатудың өзі артық. Ендеше айнала анталаған жауларын айбынымен жасқар, «қараңғы тұмандағы» қармаланған халқын – тікелей тақырыбымызға көшсек – «қалың елі – қазағын» жаңа өріс – ақ жарыққа бастар адал да арлы серкелерге алаш азаматтарына не жетпейді?! Әуелгі кезекте және жетпейтін негізгі нәрселердің бастысы – шындық.

«Шындық па?» – деп таңқалмаңыз.

Иә, кәдімгі шындық! Жетпейді!

Сонда мына өмірдегі бүгінге дейінгі білгеніміздің бәрі – ақиқат деп жүргеніміздің дені өтірік, шындық емес болғаны ма? Бәлкім, нақ солай. Өйткені қандай да бір халықтың, ұлт-ұлыстың ұзын да қысқалы өмірі қос бөліктен: кешегі тарих пен бүгінгі тағдырынан құралған болса, біздің қазақтың өмірі де осындай екі қабаттан: өткен тарихымыз бен қазіргі бастан кешіп жатқан тағдырымыз – тәуелсіз күндеріміздің түзіліп жатқаны мәлім. Мәлім десек те, бас билігі өзінде болмаған, сондықтан қырандары тиесілі шырқау шыңдарына қонбаған елдің тарихы билеушілері жазған біржақты, бұрмаланған, жалған да жасанды, қисық тарих, тіпті құлдық тарихы екені ешқандай дәлел тілемесе керек. Ал тарихы – тамыры түзелмеген, сауықтырылмаған елдің соқа басы азат болса да, санасы – сырқат күйінде қала берері, рухы көтерілмесі, болашағы түгіл бүгіні бекем болмасы және белгілі. Міне, осындай жағдайда халқымыздың анасынан адал сүт емген, ар-намысынан ұлтының құты өрген сирек ұл-қыздары шамырқанып шындық іздейтіні, жан қинап күресіп, арпалысып-тіресіп жүріп асыл шындықты, маржандай ақиқатты тауып, халқына ұсынатыны – бұл да өмірдің игі құбылысы болса керек.

Айтпақшы, патшалық Ресей билігі түгіл күні кешегі Қызыл кеңестік кезеңде де ахуал осындай-тын. От құсқан, оқ ұшқан мылтығынан жеңілсе де, Алаштың адал да арлы ұлдары бодандықты мойындамай, «ақырып теңдік сұрады», абыз Абай мен батыр Махамбет, «ана тілін түрлеген» Ахмет Байтұрсынұлы мен «намыс отын» үрлеген Аманжолдың Қасымы – билік қанаттарын қиса да, самғап ұшып, құздан құлады. Ақиқаты – мына азаттық таңын бізге алып келген, тәуелсіздікті алып берген – солар... Осылардың қатарында кеңестің тәтті сөзіне көзі сенсе де, көңілдері сенбеген, асау да арда жырлары Алатауға өрлеген, адал да арлы сырлары келешекке қанат сермеген Мұқағали Мақатаев, Жұмекен Нәжімеденов, Фариза Оңғарсынова, Мұхтар Шахановтай ақын апа-ағаларынан кейін Серік Аксұңқарұлы, Байбота Серікбайұлы, Шаһизада Әбдікәрімовтей інілері де жүрді. Мұнымыз титтей де асыра айту емес, адал да арлы перзенттері алашына жеткізген шындықтың бір шыры – ұшығын тап басуымыз ғана.

Бұл байламымыздың ақиқатына оқырман қауымның көзін жеткізу үшін аталмыш ақындар ашқан, сол өлеңдері жазылған 1970 жылдардың басын былай қойып, бүгінгі күнге, тіпті болашаққа заулап қадам басқан сол бір өлеңдердің бұла шындығымен сәл жүздесіп көрелікші:

Көрер едің
Шаламын ба, отпын ба,
Білер едің
Ақынмын ба, жоқпын ба?!
Кектендірген хан Жәңгір де жоқ мұнда,
Кектенетін Махамбет те жоқ мұнда.

Түсінер ең,
Езбін бе, әлде ермін бе,
Байқар едің,
Артықпын ба, кембін бе?..
Мен – Спартак бола алмадым, не шара,
Сенің өзің Цезарь болып көрдің бе?! – дейді Мұқағали Мақатаев ағамыз 1972 жылы жарық көрген «Дариға жүрек» атты кітабында.

Бұл – қызыл кеңес өкіметінің ең қуатты, әрі ең мамыражай, ақындар түгілі Алашқа да жақсы жағдай туғызған заманы. Мәскеудегі билік басында Дінмұхамед Қонаевтың досы Леонид Ильияұлы Брежнев отырған, ол – қазақ халқына оң көзбен қараған, тұрмысымыз түзеліп қана қоймай, санымыз да қатты өскен, санатымыз да алға басқан уақыт. Компартияның қолында – гүл, сөз бен ісі бір дәуір деуге де болады. Дүниенің бәрі тарихи және салыстырмалы деп білсек, егер кеңес билігі осы қалпынан танбай, игі бағытын жемісті жалғастыра бергенде КСРО да күйремес пе еді, біздер бостандыққа талпынбас па едік деп айтсам да жаңылыса қоймаспын. Сондықтан Мұқағали ақын өзі өмір сүрген кезеңде Жәңгір ханның жоқтығын айтып, сондықтан Спартак бола алмадым деп отырған жоқ па?! Махамбет жай қарап жүрмейінші, жауынгер ақын болайыншы деп болды дейсіз бе, оны ақын ғана емес, батыр ақын жасаған – хан Жәңгір, қияпатсыз қоғамның халыққа қиянаты. Мына өмірде Цезарь жоқ болса, Мұқағали қалай Спартак бола алмақшы?! Ендеше Мұқағалиды от боп жандырған, жұрттан артық адам еткенмен, Ақын еткенмен, Ер жасағанмен, Спартакка жеткізбей, Махамбетке айналдырмаған XX ғасырдың 1970 жылдарына қарғыс айтпай, алғыс айтсақ жараспай ма?! Тарих тілеп тұрмаса, Халықтың көтерілісі, қан төгу кімге керек? Осы себептен де Мұқағали Мақатаев:

Сырым да – осы,
Жырым да осы алдында,
Байқашы бір бықсыдым ба, жандым ба?
...Махаңдар жоқ.
Махаңдардың сарқыты –

Мұқағали Мақатаев бар мұнда! – деп жырын түйіндейтіні бар. Өмірде Жәңгірдей хан болып, ол полковник Гекені жұмсап, Алаштың – албандардың қанын төгіп жатса, Мұқағалидың Махамбет болып кетпесіне кім кепіл?! Тыныш заманда ұлы ақын, Ұлт батыры Махамбеттің сарқыты болғанның өзі аз емес-ау. Бірақ ол – әрі өзі: ұлы ақын Мұқағали Мақатаев болып қазақтың поэзиялық әлемінде атыры бір Ақ Таңды лапылдап мәңгілік, сөнбей жанды.

Мұқағали Мақатаев мәртебелі қазақ жырындағы бір қуатты толқынның басы болса, оның ізбасары, Махамбеттің екінші бір сарқыты – ақын Шаһизада Әбдікәрімов ендігі бір толқынның нақ ортасы – Шілдесі. Аға ұстазы Мұқағали Мақатаев «Мен Спартак бола алмадым...» деп өкінсе, ол – Шаһизада бізді сонау тарих түкпірінен суырып әкеліп, тірі де ірі осы Спартакпен жүздестіреді. Және ол жас кезінде ертерек, кеңес өкіметінің күркіреп тұрған кезінде жүздестірген-тін.

Есер ғасыр ұмытқан жігерлі ұлын,
Көсем ғасыр ұмытпас, білер бүгін.

Фракия перзенті – Ер Спартак,
Жаңғырады санамда ұлы ерлігің.

Қайсар жаның берілмей нала-мұңға,
Қара аспанның жалты ойнап қабағында,
Сен шайқастың өзіңнің тағдырыңмен,
Римде – гладиатор алаңында.

Құрыш семсер дем тартып қарсы аққанда,
Қарсы келген дұшпанын жамсатқанда;
Еркіндік деп ішіңнен жылап тұрдың,
Ерлігіңе ессіз ел қол соққанда...

Міне, гладиатор Спартак. Алып адам, адал да арлы еркек, көтерілісшілер қолбасшысы – Ер Спартак. Оның осындай болмысын алағай таныстыру, ерлігін бұлағай жырлау не үшін керек? Ақынға. Бізге. Ол тарихи шындықты түгелдеу, қалпына келтіру үшін керек. Қазақты ояту үшін, ерлеріне өнеге етіп, алашқа ел екенін сездіру үшін керек. Бұл үшін, әрине, өлең – автор жүрегін жарып шығып, жалын боп жанып тууы шарт. Осы өлең күні кеше тұсау кескен 1970 жылдар ортасында ғана емес, бүгін де жанып, жарқырап тұруы міндет.

Аталмыш өлең осындай ұлы мақсат үдесінен көрінген бе? Иә. Көрініп қана қоймай, қалың қазақты бір сілкіндіріп ояту, рухын тулату мүддесінен де жарқ етіп табылып, жалау желбіреткен жыр.

Ғасырыңның тозғанмен тұяғы ақыр,
Сен жайлы жыр өлген жоқ – қияда тұр.
Бір ұқсастық бар, білем, екеумізде,
Италияны шулатқан гладиатор.

Талайымды өнерден көремін де,
Ойлаймын – жеңілем бе, жеңемін бе?!
Сен құлдықпен айқассаң аренада,
Мен сұмдықпен шайқасам өлеңімде.

Оянбаған көзінде намыс, үміт,
Кімге керек Суллалар қаны суық.
Мен де – бір гладиатор
поэзияның
Парасатын қорғайтын жан ұшырып...

Ер Спартак, адамзат тарихындағы бір асу-бел Спартак өмір-өлім аренасында үнемі жеңіп, жалауы желбіреп тұрды ма? Жоқ, әрине. Қанішер болмасаң да, амалсыз адам өлтіру (өлтірмесең – өзің өлесің), бәлкім абзал, асыл адамдардың қанын жүктеу жеңіл ме? Оңайлықпен және кім жан берсін. Әрі құрбандар ішінде де жүрегі түкті, білегі мықты, күші жеткенмен, рухы жетпеген басқа да Спартактар жоқ еді деп айта аласыз ба?! Сондықтан Спартак та талай рет жараланды, ыстық қызыл қаны ақты... Құлдықпен күресу – бір Сулланы тұқырту емес, сол кездегі қасақы қоғамдық жүйені, құдіретті Рим қағанатын тізе бүктіруге талпыну... Талай Суллаларды жеңсе де, ақырында ажал құшқан Спартак – ең бастысы азат болып, Адам болып өмірден өтті.

Өлеңде де ең бастысы осы – Ақиқат үшін, Алаш үшін, Азаттық үшін арпалысу. Өмірдегі сұмдықты – өлеңдегі

құлдықты жеңу. Жараланарыңа шәк жоқ. Шаршап, шалдығуың – түк емес. Спартакша қанға да батарсың...

Алысамын,
Жұлқысам... құламаймын –
Төнсе-төнсін басыма бұлағай күн.
Қан-қан болып жатсам да жыр жолында,
Мен ешкімнен жан сауға сұрамаймын.

Жанарымда ұйып қап аппақ арай,
Деп тілеп:
«Өнер көші тоқтамағай!»,
Ыңырсимын сәл ғана...
Ал сонан соң,
Жөнелем өзің кеткен жаққа қарай.

Шаһизада жырға осылай келді. Мұқағали, Жұмекен, Мұхтар ағаларына ерді. Ергенде – іні, жас толқын өкілі ретінде. Ал ақын ретінде Спартак болып көрді. Болып көретіні – өмірде жырмен шайқасар сұмдықтар, түрлі Цезарьлар жеткілікті табылатын...

ӘБДІКӘРІМОВ ӘЛЕМІНДЕ

Арлы да адал адам баласына не жетпейді?

Екінші кезекте жетпейтін негізгі нәрселердің бірі ғана емес, бастысы – ақын Шаһизада Әбдікәрімовтың туындыларындай шындық жырлар жұмыр да жалын жырлар. Ал, оның жырлары – қай кезде жазса да, көбіне-көп ескірмеген, алдағы уақытта да ескірмес есті де ерекше өлеңдер. Шамасы, Шаһизада аса аз жазатын болуы керек. Онда да жазбауға шамасы жетпей қалғанда ғана қағазға құятын болуы керек. Өйткені мен оның өлеңдер топтамаларын мерзімді баспасөз беттерінен тым сирек көрппін. Ол өзін жылтыңдап жарнамалауға құлықсыз. Бәлкім қуретамыр ұстанымы: «Мен жаздым, халқым, қалғанын – өзің біл. Алтыным болса-ал, іздеп оқы. Құлқың сөкпаса, қош бол!». Сондықтан да шығар «Байқоңыр» атты тым кеш жарық көрген алғашқы жинағынан кейін жаңа кітабын да көрмеппін. Сондықтан да оның «Гладиатор» атты кітабы шыққанын естігенде, кәдімгідей қуандым. Оның қолыма түскені – олжам болды. Мұнда ақынның мағыналы ғұмыр бел-белестері, тек өзі тапқан, жарқыратып ашқан өнерлік шындықтары, ол шайқасып жеңген небір өмір сұмдықтары жатыр десем жаңылыспаймын.

Мен бұлай дегенде әдеттегідей жалпылама, кезекші сөздерге кезек беріп отырған жоқпын. Мұның аталмыш кітаптың жарық көрген жылына, жұқа-қалыңдығына, тіпті таңдамалы ма, емес пе, бұларға тұқ қатысы жоқ. Қайталап оқып шыққанда білгенім, бірден көзімнің жеткені – жолында қалатын талай он кітап, «Гладиатор» Шоң кітап. Жаңа да жарқын, шынайы шындықтарға толы сом кітап. Несімен жаңа? Аманжолов та айтпаған, Жұмекенде де жоқ тың да тосын шындықтарымен. Несімен есті, ерекше? Қазақтың ел кенін танытып қана қоймай, өзіңнің ағылшын, арабпен де тең екеніңді, орыстан аспасаң – осал емес, қытайдан «қашпасаң» – қопал емес Ер екеніңді білдіретін, жүрегіңдегі рухыңды көтеріп, тамырында ыстық қаныңды жүгіртетін кітап. Бұл – тағы да қайталасам, жасыра жеткізу болмаса, тіпті де асыра айту емес.

Бұл лепес-лебізімізге бұлтартпас мысал, айшықты айғақ керек пе?! Онда кітаптағы «Менің ұлы дәстүрім» атты алғашқы өлеңді-ақ алға тарталық:

Даунинг-стрит, шамдалдардың шаш нұрын,
Кейін серпіл, Хаттамалар тас мығым.
Мемлекеттер мәмілелескен кең залға
Кіріп келді менің Ұлы дәстүрім!

Кіріп келді гүл төгіліп жолында,
Қошеметшіл кілең лордтар – соңында.
Елбасына тәжім етті доннаңыз,
Премьердің сәбиі бар қолында!

Жебегенде әулием мен әнбием,
Нәрестеге нұр сіңірер бар Киев.
Жақсылардың шарапаты тиетін
Ырымымды қайдан білдің, Альбион?!

Көңіл шіркін – көгін төккен сая бақ,
Елбасымыз сөзін жұптап, аялап,
Тебіренді бір сәт
Тони Блэрдің
Жас сәбиін құшағына ап аялап.

Еге болмай бір әкенің тағына,
«Ержетсін, – деп. – Адамзаттың бағына!» –
Азияның дидарынан тамған нұр
Еуропаның тарап жатты қанына...

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев туралы ерекше жыр, есті өлең бұл. Ерекше әрі есті болатыны – Президентіміз туралы бүгінгі күні тоқтаусыз жазылып жатқан одаларды, Ақ Жайықтың суындай ағылып жатқан «өлең» сөзді, жағымпаздық жарысындағы «мақтаудан мен озамын» деген додаларды, жосықсыз да жойдасыз көбең сөздің бірін де қайталамайды, тауып айтылған, өзге ешкім айта алмаған, тек Шаһизада Әбдікәрімов жүрек сырын төгіп, қазақтың кемел де кемеңгер ұлының қайраткерлік қырына оның ұлы да ұлық, ежелгі де есті халқының нұрын төгіп жеткізген тамаша жыр. Мынау – нені көрмеген, нені білмеген Англия, төртқұл әлемді, бәлкім, төрт ғасыр алаңсыз билеп-төстеп, жатып-тұрғызған Ұлыбритания. Алдында албандық та, араб та, Африка да басын иген, жетпіс жеті демесек, жеті атасына ақсүйектік сіңген алып ағылшын елінің Премьер-министрі Тони Блэр Орталық Азиядағы жаңа да жас Қазақстанның Елбасын алдынан құрақ ұшып қарсылап, ал жұбайы жас сәбиін алып шығып, Алаш Ағасының ақ батасын алады. Міне, ұлы дәстүріміздің Еуропа төріне аттауы. Тәкаппар Батысты бейбіт «бағындыруы».

Жазса жазатындай-ақ, мақтансақ – мақтанатындай-ақ тарихи сәт, жаңа да жасампаз шындық емес пе?! Шаһизада тіпті де ханымызды мақтап отырған жоқ, халқымыздың ұлы дәстүрін айнала әлемге паш етіп, мақтанып отыр.

Біздің халқымыздың осынау ұлы дәстүрі – ең жатқан, басқа ұлттармен терезесі тең жатқан, кейінгі кездері бөтендер түгілі өзі де бағалап танып, төбесіне көтере алмағандықтан бағы кем жатқан – қиянат та қат-қат қазына емес пе?! Жалғастырмасақ – толықпай, жоғалады; жастарымызға білдіріп, егемен еліміз өмірінде қолданып, қанымызға сіңірмесек – омалады ол. Айтпақшы, бұл адал да арлы алаш жағасына ғана емес, қалың да қаймана қазақ баласына түгел қажет қасиетті шындық бұл.

Нағыз қазақ болып тусаң, халқыңның ұлы дәстүрімен өмір жолын қусаң, жұмыр басыңды шақшадай етер дау да жоқ, жалпақ халқыңды жапатармағай жанши алар жау да жоқ. Өмір болған соң ерлігіңе – сыйлық қана емес, сын да бар деп білсек, жолыңда кесе көлденең қырсық та жатар, алаяқтар мен арамзалар ту сыртыңнан тасаланып оқ та атар... Сондай сәттердің қай-қайсысында ақ жолдан тайма, халқымыздың дана дәстүріне жүгініп, өзіңді өзің ұстай біл. Ақылман боп жөн тап, Азамат болып жол тап...

Жолым болар жорттқанда
Алдырмадым арамзаға, айлаға...
Байтөбеттер тірсегімнен тартқанда,
Балағымды қағып тұрдым жай ғана!

Сылтау етіп сыныкты,
Сойыл сілтеп төбеге;
Найза ұстатып жауға қояр жігітті,
Қойға салып қорлағысы келе ме?!

Азаматтың мінезі... Айлаларға аяғын шалдырмай, ағаларға жүгінген Алаштың ұлы дәстүріне сүйенген Ақын ұлдың мінезі ғана емес, өмірлік қиын сынақ-тезден сүрінбей өткізер, болашаққа аман жеткізер қам-қарекеті бұл.

Уа, Тәңірім, қызығыңа жолықтыр
Адамзаттың баласын.
Екі ғасыр бөліп тұр
Бесігім мен бейітімнің арасын...

Шүкір, әзір бүтінмін,
Сол баяғы... қоңыртөбел тіршілік...
Жалған баққа түкірдім,
Орман-баққа шаншып кеттім бір шыбық...

Тоныкөктей «басы барды иемін»,
Бірақ билік құра алсақ...
Мен де өзімше Отанымды сүйемін,
Мінберлерде тұрмасам да ұран сап...

Жаныма, арым, құтпан бол!
Жаза бассам – кіркеукемді оқ бұзсын!
Бесігімнен шыққан жол
Бейітіме аман-есен жеткізсін!

Ақын Шаһизада Әбдікәрімов бұл өлеңінде де адуын. Ақиқатты айтудан танбайды. Өз ұстанымынан да, қазақтың қасиетті болмыс-бітімінен де бір қарыс бөлінгісі жоқ. Алашына айтар ақ сөзі – серті. Бірақ оның да жыр жазғанда от, қалған кездерде ет жүрегіне мына жаңа нарықтық өмір, жабайы капиталистік жүйе қатты салмақ түсіріп, аландатқан, уайымдатқан күйі бар. Тәңір бұйыртса «екі ғасыр өліп тұрған» бесігі мен бейіті арасында әлі талай арпалыс өмір бар. Алайда бұл арпалыс – Спартактың да, Махамбеттің де басына түскен айқас-нәубеттен ауыр, қиын болмаса, жеңіл емес шайқас сықылды. Өйткені Спартактың көзге көрініп тұрған жауы бар. Махамбет те ата жауы Байғамағамбетті бір-ақ қылғытып, хан Жәңгірдің басын кесіп алғысы келеді. Ал ақын Шаһизада, батыр бабасы Махамбеттей қайтпас күрескер Әбдікәрімов қай даумен таласып, қай жаумен шайқасады?! Ендеше ол суреткер абыз ағасы, қалың қазақтың жағасы Әбіш Кекілбайға жазғанындай:

Құпта, мейлі құптама,
Біздерді ешкім тыңдамайды, мықты аға,
Музамызды таптап өтіп моргандар,
Мінберлерге миллиондарын шықты ала.

Сандықтағы сандарына бек тойып,
Сөйлейді олар жерді тесіп, көкті ойып.
Сөйлейді олар... аузы қисық болса да,
Сол мақалды өзің айттың деп қойып.

Керім сөзім болғаннан соң езге азық,
Кейіпкерім қаңғып кетті...
Тозды азып!
Бар еді, аға, біз билеген бір әлем,
Сол әлемнен қалдық қалай көз жазып?! –

десе, онысы қапысыз шындық, поэзияның парасатын жаңұшырып қорғаудан да қиын сұмдық екеніне еріксіз келісесің.

Жыртығыңды жаппаса да жалақың,
Базаршының сұрағанын бер, ақын.

Қабырғамнан соқты-ай келіп миллиондар,
Ал қабырғам халқымдікі болатын!

Не істеу керек? Гамлет айтқандай, халық боламыз ба, жоқ бордай тозамыз ба? Міне, мәселе бүгінгі күні нақ осылай да қойылып тұр.

Бірақ бұл да мынау күрделі де күрмеулі өмірдің, ақшаның арбаңдағаныма, ақылы аз саудагердің талтаңдағаныма нақ қазір дауа, ем таппағандықтан шаршап-талған көңілдің бір сәті шығар. Әйтпесе осы өтпелі кезеңнің де екі жағы бар. Бір беті – жамандық болса, екінші беті – жақсылық. Және Қазақ Елінің қазіргі моргандарының, қалтасы қазақтың қазынасына толғандардың дәуірені де – уақытша... Мұның үстіне XX ғасырдың жиырмасыншы-отызыншы жылдарында заман Мағжан, Сәкендерге оқ атса, енді XXI ғасырдың басында солардың ізбасарларына – мәселен, ақын Ұлықбек Есдәулетке – орден тағады екен.

Жазығым не – ерте жылап, кеш күлсем,
Зұлмат кезде төрге оздырып жаманын.
Ақындарды атады деп естуші ем,
Ақыл-есің кірген екен, заманым!

Осылай өзгерген заманды тек өзгерте түсу керек, тізгінін Морган- Машкевичтерден тартып алып, өзіміз иелене бастауымыз керек.

Ақын Шаһизада Әбдікәрімовтің әлемі – төрт құбыласы тең жалпақ жазира (бұл – бірінші өлшемі), ағып жатқан дария сыры, қолат-қолат құмы қыры бар, жайқалып тұрған бауы мен асқар ала тауы бар (биіктік – екінші өлшемі), терең көлі (ойы) мен тартылмаған Арал теңізі (сезімі) бар (тереңдік – үшінші өлшемі), бай да байтақ, Жиделібайсын әлем. Мұның бәрін аралауға, ең бастысы – жай саяхаттап көріп, «Жигулимен» желіп өтпей, саралауға, бар қазынасын берекелі базар ғып, сұлулығын сіңіріп ажар ғып, Тәңір тауына шығып түлеп, ақ жауын Аралына түсіп тазарып, яғни, Шаһизада Әбдікәрімов әлемі нақ мынадай-мынадай деп даралауға көп уақыт қана қажет емес, бастан кешкен зерделі зерттеу, талмай таныр талант-тұлпарыңды ерттеу керек.

Алла қаласа, амандық болса, алдағы уақытта бұған да жетерміз. Бұл – адам-азамат Әбдікәрімов те үшін емес, сыншы-сарапкер Бақыт Сарбалаұлы үшін де емес, ұлы мәртебелі әдебиетіміз үшін керек. Оған қоса кейінгі уақытта дәру уызбен де емес, бал татыған сары қымызбен де емес, қорегі аз көк сумен ауызданып, шелек-шелек шалаппен қанағаттанып қалған қалың оқырман – Әлеумет түзелуі үшін де керек.

Ал әзірше осы жолы ақын Әбдікәрімов әлемін көктей өтіп, базбір биік, тереңдіктеріне ғана жетіп, Махамбеттің қамшысындай жыр-жебесін атумен, теңіздің дәмін тамшысынан татумен қанағаттанайық.

Міне, ақынның «Тақыркөлде» деген өлеңі. Үзінді келтірейік:

Жанарымда – алпар аймақ,
Жанарымда – абат көл.
Кекілімнен тартады ойнап,
Сайдан соққан сабат жел...

Әлденеге сүйінемін,
Шаттық шіреп жүректі.
Кіндігінен дүниенің
Қос қуаныш шыр етті.

Тыңда, көктем, сабыр ет те,
(Көзіме жас іркілді).
Талғат ұшты тағы көкке!..
Жеңешем аман ұл туды.
Қос қуаныш құтты болсын, халайық.

Міне, ақынның Иманғали Тасмағамбетовке арнаған «Атырау. Жалғыз жарық» атты өлеңі. Қараңғы түндегі, бейтаныс қаладағы жалғыз жарық – кім? Облыс әкімі ғана емес, ордалы халықтың Хакім әкімі Иманғали Нұрғалиұлы ма? Болса болар. Мұны байқау үшін бұл өлеңнен үзінді ұсынсақ жеткілікті:

Жалғыз жарық –
Жақыным жол қараған,
Жанып-сөніп... ешкімді алдамаған.
Оразасын бұзатын болды амалсыз,
Сәресі асын алдына алған ағам...

Таңға дейін сыр етіп не ғажапты,
Жаңа жақты шарладық, көне жақты...
Жалғыз жарық көзінен тамған нұрды
Жайып шашып Күн шығып келе жатты.

Енді ешқандай жөнім жоқ қапылатын,
Атырауға жайылып жатыр атым.
Жалғыз жарық бар менің кеудемде де,
Жаны сұлу жандарды шақыратын.

Жақын болам десеңіз жекен елге,
Жанары бар, жолаушым, жетеді өрге.

Жалғыз жарық көрінсе көз ұшында,
Байқамай қап...
бұрылып өте көрме!

Жыр соңында жалғыз жарық көбейіпті. Автор ақын Әбдікәрімов, бәлкім, лирикалық кейіпкер көкірегінде де жалғыз жарық жаныпты. Анау үлкен нұрлы жарықтың ұшқынынан – лаулаған шарапатынан шығар. Мынандай алмағайып заманда Жалғыз жарықты «байқамай»... қалмағанға, «бұрылып өтіп кетпегенге» не жетсін. Оның нұрынан туындаған жаңа жалғыз жарықтар да осылай жолаушыларға, менің жол үстіндегі халқыма да шуағын түсіре берсін дейік.

Жалпы, осылай әр жерге бір тоқтап, аялдама жасағанда да ақын Шаһизада Әбдікәрімовтің қайсы бір өлеңі де құр сырты жылтырап, нұр-іші қалтырап тұрмағанын аңғарасың. Өлі туған, салқын, кездейсоқ бір өлеңі жоқ. Тіпті оның әрбір жыры – құтты қайран бел, бір сайран көл, жазы жайнап, қазанда құрт-ірімшік қайнап жатқан жайраң ел... Мысалға, мен ақынның осы жинақтағы алғадай арнау өлеңдеріне түгел дерлік көңілім толып, қатты сүйсіндім. Тіпті «анасын айтсам ба, мынасын талдасам ба» деп таңдай алмай тоқталып тұрдым. «Пиндар ақын»-ға қатты қызығып, «Пушкинді оқығанда»-ның ішіне еніп кетіп, «қолыңды қалтыратпа, бауырым мушкетті ат» дегім келіп тұрды да, ақынға да, алашқа да ортақ «Абай ескерткішіне» келіп тағзым еттім. Ақын Шаһизада баласының абыз атасымен тілдесуіне құлақ салдым.

Саумысың, қазағына құтпан шалым,
Тау-мүсін Алматының жұтқан шаңын.
Даласын Жидебайдың көрсетпей ме,
Қарасын Қарауылдың тұтқан сағым.

Төменде Сарыарқаның сазы қалды,
Төбеңде – Жетісудың жазы мәңгі.
Байлаусыз Байқоңырдан келдім саған,
Алғаусыз айтқым келіп базынамды.

Ғаламның Жынын күтіп Семейіңде,
«Боранның» уын жұтып өлейін бе?!
Қыңсылап жұрттан қайтқан күшіктей боп,
Бір сұрақ ұлиды кеп көмейімде.

Жел үріп іргесінен Босағамның,
Жегіліп, бейдауа күй кешем әр күн.
«Үйрен» деп құлағыма құйып едің,
«Үйрет» деп түсінгені несі Олардың?!

Үйрендім, ал үйрендім орысыңнан...
(Қаныма тартпағанның қары сынған).
Батпандап борыш артып мойныма,
«Аттандап» айдап шықпақ қонысымнан.

Кешегі қызығым жоқ көк белеңде,
Запыран зарын балаң төкті өлеңге.
Әлі де сөзін жерге тастамас ем,
Сол ағам сені сатып кетпегенде...

Жөн тілдесу. Ұлы ақынға лайық сырласу. Орыс «ағамыз» Абайды сатып кеткендіктен, тағы сата берерін көргендіктен қалайша алдағы уақытта да олардың қолтығына кіре бермекпіз?

Қан жұтып желтоқсанның көк-сұр кеші,
Қалғандай сар даланың тек сүлдесі.
...Біз мәзбіз Алматыда Абай тұр деп,
Көріннен қашып келген жоқсың ба осы?!

Ауыр сұрақ. Ақынның Абыз атасына қойған сұрағы ғана ма?! Жоқ «арлы да адал Алаш баласына» да, Алматы қаласына да, астана (жұрт) даласына да қойған сауалы ма? Абайды көрінде тыныш жатқызбаған не? Кім? Заманның зауалы ма?!

Асылы, Абай жеке басы жалқы да жалғыз болғанмен, ол – «қалың елі – қазағы, қайран жұртының» Абайы. Жұмыр жер бетіндегілер қазынасына қол жеткізе алса, ұғып-түсіне алса, Ол – Адамзаттың да Абайы. Айтпақшы, мұндағы бір ерекшелік – Абай адамзатқа – басқа ұлттарға өзі бармайды, олар Абайға керек емес, ал оларға Абай өте керек; өйткені Абайды білмесе – бұлардың бір ақылы, бір сыбағасы, бір құты кем. Ендеше бұлар – қай-қайсысы да есті ел, Толық Адам болу үшін Абайды тауып-таныр, қазақтың ұлы ақынымен табысуға мұқтаж да мүдделі. Жиделібайсын да жұмбақ құбылыс болғандықтан, барша адамға ортақ етене Ақын болғандықтан тани алса, түсіне алса, шуақ-шарапатына бөлене алса, әркімнің өз Абайы бар. Әлихан Бөкейхановтан бастап «адал да арлы алаш» азаматтары Абайды танып келеді. Ахмет Байтұрсынов тың, Ілияс Жансүгіровтің, Мұхтар Әуезовтің,Тахауи Ахтановтың, Мұқағали Мақатаевтың, Қадыр Мырза Әлидің, Сабырхан Асановтың, Иран Ғайыптың өз Абайлары бар. Шайыр Шаһизада Әбдікәрімов те төл, бөлек өз Абайын мүсіндей алыпты.

Әлі «Толық емес өмірбаянның» жаңа, жасампаз жырлары жазылып, осылай жалғаса берері хақ.

СЫРДЫҢ СОҢҒЫ ЖОЛБАРЫСЫ

Өлеңдегі өмірбаян дегеннен шығады, прозада автор «Мадам Боваридан» (Флобер) бөлек өзгелер – бандит пен баскесер де бола алар; драматург те солай, сыншы да өзінен алыстап, ақиқат ауылына көшіп алып, Тура би болу қолынан келмесе, туғанды би болып көрер. Ал ақын кімді жазса да, нендей кенді қазса да – алдымен де, кейін де, ақырында да өзін жазады. Жан сырын ашып, жүрек отын төгіп салады. Біз мақаламыз кіріспесінде де жас ақын Шаһизада жас ақын, балаң ақын болып көп жүрген жоқ. Әбдікәрімов Спартак болып та көрді деп баяндап таныстырған себебіміз содан-тын. Өйткені өлең жазу – қанша білімді, ізденгіш, еңбекқор болса да, өлерменнің ісі емес. Ол – бірінші кезекте: Талант. Адам Ақын болып туады, немесе тумайды. Өсу, қалыптасу, өрлеу, көкке қыранша шырқап қанат қағу – екінші кезекте, нені күлбілтелейміз: оқу да, көңілге тоқу да, ізденіп-үйрену де, толассыз тер төгіп, жылдам жетілу де осы кезектің еншісі. Шаһизада осы сатылардың бәрін тез басып өтті. Өткен соң, шырқауға шығып алған соң: уақыт биледі ме, тағдыр иледі ме, қасында жүрмеген соң, көзіміз көрмеген соң – қайдан білейік; қайта құламаса да, шыққан бір биігінде қалықтап жүріп алды. Бәлкім, өмір деген – сол. Ал, әріптес әдебиетшіге, әсіресе қанағатсыз оқырман қауымға қайта-қайта шырқауын шарт. Әйтпесе мойындамайды, көңілдері толмайды. Ғарышкер Талғат Мұсабаев сияқты екінші рет, үшінші-төртінші рет ғарыш көгіне самғап көтерілуің керек...

Біздің бұл жерде басты айтпағымыз – бұл емес. Егер әрбір сәтті жыр, әдебиет тарихында қашалып қалатын жаңа, жасампаз, жалын жыр – ақынның бір-бір биігі, жыр асқарын бағындыруы десек, Шаһизадада мұндай өлеңдер мол. Соның мен үшін егіз екеуі – «Жылдарым» және «Дария» деген өлеңдері.

Жылдарым-ай...
Махаббатқа мас болған,
Ләйлілі шығып «Ләйлі-Мәжнүн» дастаннан!
Қособада Бекежанды байлап ап,
Қыз Жібектің ақ білегін жастанған!

Жылдарым-ай...
Заманамен үндескен,
Аллаңызбен анадайдан тілдескен!
Айдаһардың арқасында мызғып ап,
Жолбарыстың жотасына мінгескен!

Аталмыш жыр толқын атып жалғаса түседі. Қалған шумақтары да олқы емес. Бірақ маған осы туындыдағы әсіресе керегі:

Айдаһардың арқасында мызғып ап,
Жолбарыстың жотасында мінгескен, –

деген екі жолы. Мұның себебі неде? Мұның негізгі себебі – мен де шындық жетіспей, жоқ іздеп жүрген адаммын. Енді осы жағдайымды арағідік жоғалтып алсам да, әрқашан қуана тауып отырған, нақ қазір халқы ажырамастай болып тапқан ақын Шаһизада інімнің шығармашылығына қатысты өрбітсем, өз басым алдымен оның:

Есенинмен егесіп, Асеевпен алысып,
Алматыда Олжаспен сәл салқындау танысып,
Өтті менің көп күнім алыптарды зерттеумен,
Өкпелесіп бірімен... ал бірімен табысып...

Мен бір жүрген таланттың соры ма едім,
бұ қалай?
Тыныштау бір көшеге қашып шықсам шыдамай,
Қағып өтті Қасымың кешірім де сұрамай,
Төлегенге сүйеніп аман қалдым құламай, –

дейтін іс-кенішіне, барлық ізденісіне сүйсініп, кезінде түгіл қазір де қуанатынымды айтқым келеді. Қуанатыным – бүгінгі бағлан ақын Шаһизада Әбдікәрімовті қанаттандырып, қалыптастырған бір тірек-топырақ – алдындағы осындай алыптар ғой. Екіншіден, ақын Шаһизада мұндай шырайлы да шандоз шындықтарға бізді қанықтырып қана қоймай, менің бір жоғымды мүмкін қазақ деген халықтың нақ қазіргі күні қайта іздей бастағаны, аса қажет бір жоғын тауып берер деп үміттенемін. Үміттенуім де бекер емес, ол Алаштың анасы – Сырдарияға арналған жырында серпіліп, «өлгенді тірілтіп, өшкенді жандырғандай» күй танытады.

Алтын басың дауға қал

ӨРШІЛ РУХ

Жеңістің құны тым қымбат болды. Қаншама ел боздақтары майдан даласында қалды. Бүгінде майданнан жаралы болып оралғандардың қатары да сиреп барады. Міне, мына суреттегі өзіме таныс соғыс және еңбек ардагері Алданыш Халықұлов та ақ таяғы қолында, протез аяғын сәл-пәл көтеріп басып жұмысына кетіп бара жатушы еді. Сол қалпын бұзбай кешқұрым үйіне оралушы еді... Және оның аса аукымды «Аралрыбпром» өндірістік бірлестігіндегі еңбек инженері қызметіне қоса, халық заседателі, әлеуметтік қамсыздандыру инспекторы, «Балықшы» газетінің редакторы, аудандық басылымға штаттан тыс тілші, түрлі ұйымдарға мүше бола жүріп газеттерге еңбек даулары жайлы жиі- жиі түсінік беріп, поэзия әлеміне де үзбей қалам сілтейтініне қайран қалатынбыз.

Сол Алданыш ағамыздың өмірдерегін парақтасақ, балалық шағы тым қиын кезеңге тап келіпті. Ол 1923 жылы Қарақұм қойнауындағы малшы отбасында өмірге келіп, он бір жасында «Ұзақбай сордағы» мектеп есігін ашады. Беске толғанда әкеден, ізін ала анасынан айрылады. Жел айдаған қаңбақтай Аралдағы, кейін Ақтөбенің Ырғызшандағы жетімдер үйінде тәрбиеленеді. Қыс айында бір құрбысы ойнап жүріп «Ырғыз» көліндегі мұзға ойылады. Оны өздеріндей жетім Молдиман Елеуов құтқарады. Сол оқиғаны Алдекең «Елеуовтың ерлігі» деп айдар тағып, мақала жазып, жастардың республикалық «Октябрь» газетіне жібереді. Мақала жарық көреді. Авторы А.Халықұлов. Мұны Аралдағы туыстары да оқиды. Содан Айкөрген Жалғасбаев деген бір жекжаты жалғыз ешкісін сатып, жолпұл қылып «Ырғыздағы» Алданышты алып қайтады. Алдекең қаладағы Т.Шевченко атындағы мектепте оқуын жалғастырып жүріп, оқу озаты ретінде 1939 жылы Мәскеудегі Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне экскурсант болып қатысады.

Жетіжылдық білім алғасын 1941-1942 жылдары Арал мемлекеттік балық тресінің оқу комбинатында оқып, кеме моторисі мамандығын алады. 1942 жылдың тамызында, он тоғызға толғанда Кеңес әскері қатарына шақырылады.

«Біз Аралдан 316 адам 7 вагонға тиеліп батысқа қарай жол тарттық, - деген-ді Алданыш аға бір әңгімесінде. Орынбор облысының Бугурослан қаласына жеттік. Мен 226 - атқыштар дивизиясының 985-полкінің 2-ші батальоны, оның 2-минометчиктер ротасында әскери дайындықтан өттім. Уақыт тығыз. Жау жайпап келеді. Сол 1942 жылдың қазан айынан бастап Дон майданының құрамында қорғаныс ұрыстарын жүргіздік. Ұмытқам жоқ, 24 қазанда Сталинградтың солтүстік шығысындағы Қарғалы сайда (Грочевая балка) жау шабуылын тойтарып, 82 мм-лік минометпен қаруланған біздер оқтын-оқтын шабуылға шығып тұрдық. Миномет расчетының атқышы ретінде мен де солардың қатарында едім. Ал қазанның 28-і күні кешке сайдың тасындай бес солдат өзгелерден бөлек полк командирінің дала штабына жеткізілдік.

– Ау-у, неге?!

– Соны өзіміз де білмейміз ғой. Полк командирі қырма сақал, қырықты алқымдап қалған байсалды кісі екен. – Ал бауырларым, – деді ол қарлығыңқы дауыспен. Тапсырма жауапты, әрі аса құпия. Жіберілген барлаушылар оралған жоқ. Білем, сендер кәнігі барлаушы емессіндер. Десе де жау тылына кіру керек. Құжаттарыңды сейфке салмай мына стол шетіне қоямын. Төрт көздерің түгел оралуларыңа тілектес болсын деп. Тапсырманы лейтенант Хромов айтады. Топты бастап баратын да осы жігіт. Сәт сапар тілеймін. Сендер де мен сияқты «Тұл...» екенсіндер, – деп сөзінің арғы жағын жұтып қойды.

Қайта оралуымыз мүмкін бе, жоқ па, о жағы екі талай екенін, сол себепті де кілең «тұл жетімдерді» таңдағанын кейін білдік. Жау тылына кірдік. Хромов батыл да жойқын күш иесі екен. Тапсырма орындалды. Бірақ кері қайтуымыз тым қиынға соқты. Жау шегінен сытылып өтіп, өз бөлімізге жетіуіміз керек. Тең біліне орман алаңқайына шыға келгенбіз. Жүз метрдей шамада немістің жүк машинасы тұр. Жанында тұрғандар бізге оқ жаудыра өкшелей қуды. Тапсырма бойынша ұрысқа араласпай құнды мәліметті командирге ауызба-ауыз айтуымыз шарт. Қызуқанды осетин жігіті Хивича шыдамадыау деймін, жауға қарсы оқ атты. Амалсыздан топ басшымыз ұрысқа кіруге шешім қабылдады. Олар отыздай еді. Екі-үшеуінен басқасын жер жастандырдық. Хромов жараланды. Атысты тоқтатып, басшымызды кезекпе арқалай жөнелдік. Бірақ жау қалар емес. Хромов менің иығымда. Аяғы жерге салбырап келеді. Сол аяғым дыз еткендей болды. Артынша құлай кеттім. Елдар есімді татар жігіті:

– Ой - й, Алла-й! Командир өлді, бірақ сені сақтап қалды, – деді. Сөйтсек, менің арқама тиетін жау оғы командирдің шүйкесін ойып жіберіпті. Бәрібір жаудың екінші оғы менің сол аяғымды ауыр жаралады. Хромов Сталинград түбіне жерленді. Полк командирі алғыс айтып, әскери билетімізді салтанатты түрде қайта тапсырды. Хромовтан басқамызға.

...Халықұловтың сол аяғына госпитальда ота (ампутация) жасалады. Бір емес, екі рет. Әуелі тізеден жоғарырақ кеседі. Болмайды, қарайып кетеді. Екіншісінде жуан санынан кескенде сол аяқтан небәрі он екі сантиметрдей ғана жұқана қалады. Соған да шүкір деп, 1943 жылдың мамырында қос балдақпен елге оралады. Жиырмадағы соқталдай жігіт. Үй жоқ, күй жоқ. Ағайын туыс құшақ жая қарсы алады. Өзі 1938 жылдан комсомолға мүше. Сол ұйымның жолдамасымен аудандық әлеуметтік қамсыздандыру бөліміне инспектор болып орналасады да, іле кешкі жұмысшы жастар мектебіне құжат тапсырады. Он жылдықтың аттестатын алуына аға инспекторлыққа тағайындалып, қызметі көтеріледі. 22-дегі бойшаң, қара торы, сылыңғыр, бойдақ жігіткке қыздар да ұрлана көз тастайды-ай! Оны Алдекең де сезеді. Әйтседе оған жар таңдауда қателеспеу керек-ті. Жарымжан мүгедектігін алдына тоспай, білдірмей, елең етпей, жанашыр, қамқоршы болатын сүйіктісін іздейді. Оны тапты да. Ол Ханшайым есімді қыз еді. Тапқаны емес пе, үйлі-баранды болып, тоғыз жыл оттасқасын, 31 жастағы А. Халықұлов Ташкенттегі ВЦСПС-тың жоғарғы екі жылдық мектебіне 1954-жылы оқуға түсіп, оны ойдағыдай тәмамдап, кәсіпқой маман атанады.

Әні, екінші топтағы соғыс мүгедегін қалай-қалай ойқастайды, а-а! Өршіл рух иесі деп осы Алдекендерді айтсақ жарасар-ау! Әлеуметтік салада 13 жыл аға инспекторлық қызметте отырған А. Халықұлов 1956 жылы аудандағы ең көшелі, екі мыңдай адам еңбек ететін өндіріс орны «Аралрыбпром» өндіріс бірлестігіне «Еңбек жөніндегі инженері» болып ауысады да, осы міндетті тұптура 32 жыл мінсіз атқарып, 1988 жылы заңды демалысына шығады.

Ол екінші жаһандық соғысқа қатысып, ерлік істері үшін 1-ші және 2-ші дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Сталинградты қорғағаны үшін», «Германияны жеңгені үшін» жалпы саны он алты орден-медальды омырауына тақса, бейбіт өмірдегі 45 жылдық еңбегі де орынды бағаланып, әртүрлі 57 марапаттың иегері атанады. Мыны қызықты қараңыз. Алекеңнің зейнеткерлік кезінде де оның есігі ашық тұрды. Өйткені, зейнетақы, жәрдемақы, еңбек дауы мәселесімен оған келіп, кеңес алушылар толастамады. Халықұлов болса оларға білгенін айтудан жалықпады, тартынбады, кісімсінбеді, шіренбеді. Сөйтіп көптің «Ақылгөй ата» деген алғысына бөленді.

Алтын құрсақты жұбайы Ханшайым екеуі тоғыз ұл-қыз өсіріп, 6 келін түсіріп, немере-шөбере сүйіп барып өмірден озды. Халықұловтар әулетінен тараған ұрпақ бұл күндері тәуелсіз қазақ елінің іргесін қаласып, шаңырағын көтерісін жүр.

Шәкірат ДӘРМАҒАМБЕТҰЛЫ,
дербес зейнеткер.
Арал қаласы.

ЕРЛІКТІ ТУ ЕТКЕН ТУЫНДЫ

Осыдан 10 жыл бұрын Ұлы Жеңістің 60 жылдығына орай өткен салтанатты жиында сөйлеген сөзінде Елбасымыз «Ұлы Отан соғысы біздің халқымыздың, аға буын өкілдерінің, біздің әкелеріміз бен аналарымыздың биік рухын, ерлігі мен қаһармандығын күллі әлемге танытқан қасиетті соғыс болса, Ұлы Жеңіс аға ұрпақтың сол ұлы ерлігін мәңгілік ел жадында сақтауға арналған ең қастерлі мереке» деп атап көрсеткен болатын. Биылғы жылдың басты жаңалығы саналатын 2-ші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына 70 жыл толу мерекесін де баршамыз қызу қарсы алдық. Мәскеуде, Астанада, сол сияқты бұрынғы кеңес одағы құрамында болған елдердің орталық қалаларында 70 жылдыққа арналған әскери шерулер ұйымдастырылды.

Аталмыш мерекені мерейтой дегеннен гөрі, Жеңісті атап өту шарасы деген дұрыс шығар. Себебі, соғыс атаулының бәрі қасірет әкеледі. Қасіретті қаралы күндерді тойлау әбестік болар. Соғыс болғасын бір мемлекет жеңіледі, келесі ел немесе мемлекеттер қауымдастығы жеңіске жетеді. Осы қисынмен қарағанда бүгінге дейін 2-ші дүниежүзілік соғыста Кеңестер одағы жеңіске жетті деген тұжырым қасым болып келді. Қазір басқаша. Қазіргі батыс тарихнамасында Англияның соғыста ерекше рөл ойнағаны көбірек дәріптеліп, керісінше, Кеңес Армиясының рөлін төмендетіп көрсету белең алып барады. Одақтастар құрамында болған АҚШ пен Англияның және солардың ықпалындағы ЕуроОдақ құрамындағы бірқатар мемлекеттер басшыларының 9 мамырда Мәскеудегі Қызыл Аланда өткен Жеңістің 70-жылдығына арналған әскери шеруге қатыспағаны бұрынғы Кеңестер Одағының оның басты мұрагері саналатын бүгінгі Ресейге деген сондай салқын көзқарастың салдары деп ұққан жөн сияқты.

Алайда, батыстың Ресейге көзқарасы сондай екен деп біз Ұлы Отан соғысындағы аталарымыз бен әкелеріміздің ерлігіне ешқандай көлеңке түсіріп алмауымыз қажет. Сұм соғыстың салдарынан әкеден айырылып жетім қалған өрендердің өмірлік өксігін, жан жарынан айырылып жесір қалған әйелдердің ғұмыр бойғы зар-мұңын, баладан айырылған ата-ананың орны толмас қайғысын, бауырын жоғалтқан қамкөңіл жандардың көз жастарының салмағы кейінгінің жүрегінде қорғасындай қатып тұруы тиіс. Басқаны ұмытсақ та ең ауыр сұм соғыстың зардабын, фашизмді жою жолында құрбан болған, тірі жүріп те тағдырдың біраз тауқыметін тартқандарды еш ұмытуға болмайды. Оған біздің моральдық құқымыз жоқ.

Қызылордалықтар да 70 жылдықты атап өтуге лайықты үн қосты. Облыста арнайы шаралар ұйымдастырылып, ардагерлерге ерекше құрмет көрсетілді. Тек облыс орталығында ғана емес, мұндай мазмұндағы іс-шаралар аудандарда да жалғасын тауып жатты. Әсіресе, қазалылықтардың бұл мерекені атап өтуге ерекше мән бергені айқын байқалды. Мысалы, аудан әкімі Б.Жақановтың бастауымен, ардагерлер Кеңесінің төрағасы О.Бекбановтың қостауымен руханитәрбиелік мәні терең, әлеуметтік маңызы жоғары іс-шаралар өткізілді. Мәселен, көп жылдан бері жаңартуды қажет етіп келген Әйтеке би кенті орталығындағы Жеңіс паркі қайта түрлендірілді. Парктегі арнайы қабырғада орналасқан мәрмәр плиталарға жазылған соғыс ардагерлерінің тізімі қайта қаралып, жаңа есімдермен толықтырылды. Тұғырлар жаңартылып, парк аумағы қазіргі заманғы қондырғылармен безендірілді. Ардақты ардагерлерге құрметтің бір белгісі ретінде «Отан үшін от кешкендер» атты тарихи-танымдық жинақ кітабының шыққанын атап өтуге болады. Естелік кітапқа облыс әкімі Қ.Е.Көшербаев, облыстық ардагерлер Кеңесінің төрағасы С.Шаухаманов, аудан әкімі Б.Жақанов, аудандық ардагерлер Кеңесінің төрағасы О.Бекбанов алғысөз жазған. Жинақ авторлары-ағайынды ғалымдар: филология ғылымдарының докторы, профессор Бағдат Кәрібозұлы мен тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Нұрлыбек Кәрібозұлы Мыңжас. Бұлар да соғыс ардагерінің ұрпақтары. Сонымен бірге қазалылық майдангерлердің есімдерін ұлықтауға арналған кітапты баспаға дайындауда аудан әкімі жанынан құрылған жұмыс тобының көп еңбектенгенін атап айта кеткен жөн. Бас-аяғы 2 айда жинақталып, мереке қарсаңында оқырмандардың қолдарына тиген кітапты дайындауда аудандық ардагерлер Кеңесінің төрағасы Оразғали Бекбанов, тарихшы-мұғалім Гүларша Хұсайынқызы, аудандық әскери комиссариат бөлімінің бастығы Сәкен Жалғасбаев, журналистер Жетіскен Мәкеналиев пен Шамша Айтуғанов сияқты танымал өлкетанушылар айрықша үлестерін қосты. Олар ардагер ағаларымыздың ризашылығы үшін соғысқа қатысқандар мен құрбан болғандардың аты-жөндерін қайта саралап, жаңа тізім жасады. Аталған жинақ «Ерлік дәстүрі жалғасады», «Отан үшін жан пида», «Тағдыр тәлкегі», «Ешкім де ешқашан ұмытылмайды» деп аталатын 4 тараудан тұрады. Бірінші тарауда аудан тарихына қысқаша шолу жасалынып, соғысқа дейінгі мәдени-демографиялық ахуалға сипаттама берілген. Ал соғыста қайтыс болғандар, майдан далаларында із-түссіз кеткендер, ауданнан шыққан Кеңес Одағының батырлары (Біліс Нұрпейісов деген жаңа есім қосылды), соғыс және еңбек майданының ардагерлерінің аты-жөндері тізімделіп екінші тарауда берілген. Сол сияқты үшінші тарауда соғыстан кейін құғын-сүргін көргендер тізімі келтірілген. Бұл тарауда бұрын еш жерде аттары аталмаған қазалы топырағынан шыққан 143 құғын-сүргін құрбандарының есімдері Ұлттық қауіпсіздік және Ішкі істер департаменті қорларынан алынып жарияланып отыр. Сондай-ақ осы тарауда бұрын аттары аталмаған, Түркістан легионына қатысқан 40 қазалылық азаматтың тізімі бар.

Соңғы тарауда көзі тірі майдангерлердің естеліктері, қысқаша өмірбаяндық деректері және оларға теңестірілгендердің тізімі берілген. Жинақты жергілікті үлкенді-кішілі зерттеушілер мен қаламгерлердің Ұлы Отан соғысының ардагерлері туралы әр жылдарда жазылған мақалаларының топтамасы түйіндейді.

Ардагерлерге арналып көркемдік-идеялық тұрғыдан шебер жинақталған еңбектің жарыққа шығуы тек қазалылықтар ғана емес, бәрімізге ортақ қуаныш, аруақты сыйлай да құрметтей де білетіндігіміздің айқын көрінісі.

Жеңіс СӘДУАҚАСҰЛЫ,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті
"Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика" кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы.

АҒАЙЫННЫҢ АРДАҚТЫСЫ

Соғыс және еңбек ардагері Ахмет Мықтыбаев 1905 жылы Жалағаш ауданы, Таң ауылында дүниеге келген. Жасынан зерек болып, шаруашылықтың қыр-сырын біліп өседі.

Алғашқыда ескіше хат танып, кейін 7 сыныптық білім алған сауатты азамат болып қалыптасады. Кеңес үкіметі құрылған кезде алдымен ауылдық кеңестер ашылып, үкіметтік барлық саяси ұйымдастыру шаралары осы ауылдық кеңестер арқылы атқарылатын. Ахмет Мықтыбаев 1927 жылы Жалағаш ауданындағы Мақпалкөл ауылдық кеңесінің төрағасы болып сайланады. Бұл кезең колхоздастыру жұмысының басталған кезеңі еді. 1928-1929 жылдары байларды кәмпескелеу, 1932-1933 жылдардағы ашаршылықтан елді аман алып қалу секілді оқиғалар ел басынан өтті.

Сол кезде 22 жастағы жас жігіт осы қиындықтың бәрін жеңе біліп, іскер ұйымдастырушы, қабілетті басшы ретінде өзін көрсетті. Осы қызметті 1934 жылға дейін абыройлы атқарды. Одан кейін Тереңөзек ауданына шақырылып, Шолақарық ауылдық кеңесінің (қазіргі Қалжан ахун ауылы) төрағасы болып сайланады. Ал 1939 жылы Жалағаш ауданы алғаш құрылған кезде өзінің туған ауылы "Таң" колхозының төрағасы қызметіне тағайындалды. 1943-1944 жылдарда Ұлы Отан соғысына қатысып, ауыр жараланып елге оралады. Соғыс кезінде бөлімше командирі болып, ерліктері үшін бірнеше орден, медальмен марапатталған. Соғыстан кейін бұрынғы өзі басқарған "Таң" колхозының төрағасы қызметіне



қайтадан келеді. Сол қызметті 1957 жылға дейін атқарып, соғыстан кейінгі елдің экономикасын көтеріп, халықтың әлеуметтік жағдайының жақсаруына еңбегін сіңірді. 1957 жылы "Таң" колхозы іріленіп, Молотов колхозына біріккен кезде, іріленген шаруашылық басшысының орынбасары қызметіне келді. Оны 1965 жылға дейін атқарып, зейнет демалысына шығады.

Еліне өлшеусіз қызмет істеп, елдің құрметіне бөленген ел ағасы 1977 жылы дүниеден өтті. Асыл жары Гүлсім анамыздан тараған бес баласының ұрпақтары өзі өмір сүріп, қызмет еткен "Таң" ауылында, Қызылорда қаласында тұрып жатыр. 2002 жылы аталмыш ауылдағы көшенің біріне Ахмет атамыздың аты берілді.

Қайырбек МЕҢЛІБАЕВ,
№118 орта мектеп АӘД пәні оқытушысы.

ЕҢБЕГІ ЕЛЕУСІЗ ҚАЛМАСА ЕКЕН

Ұлы Отан соғысының ардагері Айтпай Әбубәкіров жайлы Сыр жұртшылығы жақсы біледі. Белгілі Қосай атадан тараған Сыздықтың ұлы. Айтпай 1917 жылы қазіргі Қарауылтөбе өңірінің Әбубәкір қыстауында дүниеге келген. Әкесі Сыздықтан ерте айырылған бала әкесінің ағасы Әбубәкірдің қолында өседі. Тегінің Әбубәкіров болуының себебі осында.

Айтпай Әбубәкіров туралы айтпас бұрын ең алдымен ата-бабасына тоқтала кеткенді жөн көріп отырмын. Телеу төрт отауға бөлінеді. Олар Әжахмет, Самат, Керейлі және Ноғайлы. Айтпай Сыздықұлы Әжахмет атадан тараған Қосай батырдың немересі. Ел аузында Қосай батыр туралы әңгімелер жақсы сақталған. Ұрпақтан ұрпаққа тарап бүгінге дейін жеткен ауызша деректерге сүйенсек, Қосай 1837-1847 жылдары ұлт-азаттық көтерілісін басқарған қазақтың соңғы ханы Кенесарының үзеңгілес батырларының бірі болған. Осыған орай Қосай батыр 1848 жылы құдалауға ұшырап, өзіне ет жақын туыстарын ертіп Арқадан Сыр еліне қоныс аударады. Ұрпағы сонда өсіп-өнеді. Ол 97-ге келіп қайтыс болады. Батырдың мекендеген жері бүгінгі дейін Қосай төбесі деп аталып келеді. Кеңес үкіметіне дейін біздің ата-бабаларымыз жердің, судың атауларын халқына, ел-жұртына қорған бола білген хан, батыр-билердің атымен атап ұрпақтарының жадында сақтауына тарихи мүмкіндік бергені белгілі.

Бүгінде Қосай төбесі Қызылорда-Жезқазған күре жолының сол жағында, қаладан 10-11 шақырым жерде орналасқан. Екі қасырға жуық уақыт өтсе де, бұл төбе ел жадында сақтаулы. Міне, Сыздық баласы Айтпайдың атасы тегін адам болмағанының тағы бір дәлелі.

Айтпай Әбубәкіровтің атына Абай кеңшарына қарасты Досан ауылындағы жаңа салынып жатқан мектепке есімін беруге ауыл тұрғындары ауыл әкімінің атына өтініш түсірген болатын. Көпшіліктің жаңа басталған мектепке Айтпай Әбубәкіров атын беруі туралы өтініштің себебі салмақты. 1936 жылға дейін әуелі педучилищені, содан кейін пединститутын бітірген Айтекең сол уақытта жаңа құрылып, ҚазРис аталған колхоздағы мектепке мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі, директоры болып қызмет атқарады. 1942 жылдың басында өзі сұранып Ұлы Отан соғысына аттанып, аға лейтенант шенімен, бір аяғын қан майданда қалдырып, 2-ші топтағы мүгедек болып елге оралады. Елге оралған соң өзі басқарған мектепке қайтадан директор болып тағайындалады. Бейбіт өмірде де еліне қызмет жасап, денсаулығына байланысты зейнетке шығады. Соғыс уақытындағы ерлігі үшін марапатталған орден, алтын медальға қоса, бейбіт өмірде алған екі медаль және Үкімет атынан алған алғыс хаты жетерлік.

Майданнан оралған соң, 1944 жылы ҚазРис колхозының байырғы тұрғыны Назираға үйленіп, 44 жыл бірге өмір сүрген. Дүниеге 9 ұл-қыз әкелген. Жары Назира қазіргі таңда 91 жаста. Немере-шөберелерінің қолынан су ішіп отырған ардақты әже.

Егерде ауылға, көшеге не болмаса мектепке, т.б. нысандарға ат беру керек болса, қалада не ауданда лауазымды қызмет атқарған, не болмаса қалтасы қалыңдар әкелерінің не туыстарының аттарын ұсынады. Еліне істеген еңбегі болмаса да, лауазымды туыстарымен, қалталы ағайындарының қолдауымен алтын әріппен жазылып нысандарға аттары беріліп жатады. Ал Отанының алдында еңбегі сіңген марқұм болып кетсе де, елге істеген қызметі есте қалған азаматтың атын беруге сұрап, тиісті орындарға өтініш түсірсе нәтижесіз қалатындығы қынжылтады. Ердің аты ешқашан ұмытылмайды, елі барда әрқашан есте сақталады. Қосай бабасының ерлігін қайталаған А.Әбубәкіров жұртының есінде қалатынына кәміл сенеміз.

Оңдасын ЫСҚАҚОВ,
Абай ауылы.

● ДІН ЖӘНЕ ДӘСТҮР

ЖАНАЗАДАҒЫ ЫСЫРАПШЫЛДЫҚҚА ЖОЛ БЕРМЕЙІК

Салтты – ғасырлар бойы тарихи негізде қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын әдет-ғұрып, жалпыға бірдей тәртіп деп қарастырсақ, шариғат – ғасырлар бойы адамзатты тәртіпке, мейірімділікке, Жаратушысына деген асыл құлшылыққа, ынтымақ-бірлікке үндейтін заңдылық. Әрбір елдің, әрбір ұлттың өзіндік салт-дәстүрлері болатынындай, әрбір діннің де өзіндік шариғаты бар. Біз қазақ, әрі мұсылман елі болғандықтан, ата-бабаларымыздан қалыптасқан өз салтымыз, діни шариғатымыз бар. Бұл бағыттан тайсақ, бақ та таяры сөзсіз. Өкінішке орай соңғы кездері көптеген салт жоралар мен діни рәсімдер шектен шығып, шариғаттан алыстап бара жатқандай. Бұлай жалғаса беруі жақсылықтың нышаны емес. Бүгінгі қолға қалам алғанымыздың себебі осындай жайттарды сөз етіп, қолдан келгенше алдын алу.

ҒҰРЫПТЫҚ ЖӘНЕ ДІНИ РӘСІМДЕР

Алдымен жаназа оқылмас бұрынғы көрініс тауып жатқан шараларды сөз ете кетсек. Шариғатта негізі жоқ, қазақы дәстүріміздің иісі сезілмейтін жайттар да көп кездеседі. Кісі дуние салғанда жарықты өшірмей күндіз-түні шам жағып қою, үйдегі айна беттерін матамен жауып қою, мәйітті жерлеуге асықпау, жаназа шығарылғанға дейін түнімен жанында кісілер күзетіп шығу, мәйітті үйден шығарда үй ыңғайына қарамай басы не аяғымен шығу керек деген шариғатта жоқ шарттар қою бүгінгі күні кей жерлерде көрініс тауып жүр. Бұлардың шариғатта еш негізі жоқ.

Айталық, керісінше мәйітті күттірмей жерлеуге асығу керек. Имам Алау ад-Дин Касани әл-Ханафи (р.а): Алла елшісінің (с.а.с): «Мәйіттеріңді жерлеуге асығыңдар. Мәйіт жақсы кісі болса жақсылығына жылдам жеткізіңдер, ал жаман кісі болса тозақ иелері бізден алыс болсын», – деген хадисіне сүйене отырып мәйітті жерлеуді асықтыру мұстахаб, яғни жақсы амал – деген. Мәйітті жерлеуді кешіктіру – сүннетке, мәйітті құрметтеуге қайшы әрекет болып саналады. Қаншалықты кешіктірсе сонша оның қадір-қасиетін қашырады.

Тағы бір айтпай кетпеске болмайтын дерт бар. Ол кісі қайтыс болғанда артынан дұға етіп, Құран бағыштаудың орнына басқа діндегілердің салтын қайталап жүрміз. Біз Құран оқытып, туыстығымызды білдірудің орнына өзге діннің салтын тықпалап өзіміздің ерекшелігімізді ұмытқандаймыз. Алла сақтасын, мұндайдан қашық болайық, ағайын.

МӘЙІТТІ ЖУУ

Мәйітті жууда шариғат бойынша жуушылардың саны шарт емес. Шамасы келсе бір кісінің де жууына болады. Алайда көмекшілердің болғаны жақсырақ. Сондай-ақ сүйекке құдажекжат, туыстарынан түсемін деушілер болса, оған шариғат қарсы емес. Бірақ тек туыстық-жақындық жағынан жуушы тағайындаудан көрі жуудан толық хабары бар, мәйіттің айыптары болса оны жасыра алатын, діндар кісілердің жуғаны абзалырақ. Шариғат бойынша мәйітті жуу – парыз. Мәйіт иіс май қосылмаған таза сумен жуылса да болады. Мәйітті үшінші рет жуғанда суға иіс май қосса дұрыс болады.

ЖАНАЗА НАМАЗЫ

Жаназа намазы мәкрүһ уақыттан басқа кез келген уақытта – күндіз болсын, түн болсын оқыла береді. Мәкрүһ уақыт деп күн шығып немесе батып бара жатқан және күн тас төбеде тұрған үш кезді айтады.

Иә, жаназаны баршамыз да білеміз. Тіпті жаназа намазын оқу үшін де дәрет алу керектігін де жақсы білеміз. Бірақ жамағат арасында бұған немқұрайлы қарап, дәретсіз де сапқа тұратындар кездеседі. Осы жағын да халық назарда ұстаса екен дейміз. Намазға дәретін алып, сауап алу ниетімен қатысса мол сауапқа кенелетіні ақиқат.

ЖЕРЛЕУ МӘСЕЛЕСІ

Жерлеу мәселесінде де ескерер жайттар көп. Жоғарыдағы хадисті назарға ала отырып айтар болсақ, кісі жаназа намазына қатысып, әрі қарай жерлеуіне де қатысса екі үлкен таудай сауапқа кенелетінімізді ұқтық. Алайда, мұның мәнісін түсінбей біреу туысым деп, біреу досым деп ұялғаннан келетіндер бар. Бірақ барғанда көпшілігінен сауап үміт етіп барғандарын байқай алмайсың.

Дүниеден бір кісі өтсе оны ақтық сапарға шығарып салу мына біз мұсылмандардың міндеті. Барынша жақсы сөздер айтып, жақсы жағынан еске алып, ертең дәл осы сәт біздің де басымызға ораларын естен шығармауымыз керек. Өлім мен қабірге қарап ғибрат алуымыз керек. Қаншама атақты сахабалар осы бейіт басына келіп көз жастарын төккен. Олардан неге жылағандарын сұраған жанындағыларға, «Біздің нағыз мәңгілік өміріміз осы жерден (қабірден) басталады» - деген. Расында пенде қандай сауабымен жан тәсілім еткен болса, сауап-күнә амалдарына қарай қабір азабы не қабір рахатына кенеледі. Қабірде күйін қандай болса қиямет күні ол күй еселене түседі. Алла тағала өлім жайлы Құранда: «Одан (топырақтан) сендерді жараттық. Оған қайтарамыз да екінші рет содан шығарамыз» – дейді.

ЫСЫРАПШЫЛДЫҚ

Біздің көпшілігіміз мал-дүниемізді қайтыс болған асылымыз үшін емес, жұрттың «Пәленше, қайтыс болған түгеншесі үшін барын салды, ұлан асыр ас берді» – деуі үшін сарп етіп жатқандаймыз. Яғни орынсыз мал шашып жатқандаймыз. Абай атамыз бұларды жадымызға 5 дүшпанның бірі деп әдеміше өлеңмен жеткізіп қойғаны есіңізде ме?

Ардақты ағайын! Бірақ мұның барлығын қояр кез келді. Халықтың көзі ашылды, діннен хабардар болды. Шариғаттан аспай, салт-дәстүрден қашпай дұрысына оралайық.

Баззар (р.а) жеткізген хадисте «Үнемдеген адам байиды, ысырап еткен кісі кедейлікке ұшырайды» - деген. Бұл хадистің мағынасы былай түсінікті болғанымен кейде көпшілігіміз байқай бермейтін жақтары бар. Айталық, кісілерді шақырып ас беру керек болса, олар дәмнен ауыз тиіп, ықыластарын білдіріп, дұға-тілекке ортақтасып кету керек болса, оған азын-аулақ қаражат жұмсау жеткілікті еді. Бірақ біздер барымызды шашып, дастарқанды тойдан айырмашылығы жоқтай гүлдетіп жібереміз. Кісілердің назарын имандылыққа емес дүниеге қызықтырып салып қоямыз. Нәтижесінде ысырапшылықтың кесірінен берекесіздік келуі мүмкін. Осыны естен шығармағанымыз абзал.

Тағы бір тым ысырапшылықтың түрі бар, ол «түйе байлау», «бие байлау» деген сияқты түрлі «байлаулар». Кейбір өлкелерде осы үрдіс тұрақты қалыптасып, жаназасын шығарған молданың қанжығасына байлайды. Бұл ысырапшылықтың ең төресі деп айтсақ болады. Түйе байлау сынды сұмдық ысырапты қалай түсінуге болады? Бұл тіптен артықшылық деп ойлаймын. Сондықтан осы жағын да бірлесіп тоқтатқанымыз жөн, ағайын.

ҚАБІР, БЕЙІТ САЛУ МӘСЕЛЕСІ

Байқап отырғанымыздай жаназаға тиесілі үрдістердің барлығында түрлі кемшіліктер мен асыра сілтеушіліктер бар. Шариғатымыз бен дәстүрімізге сыймайтын шаралар кездеседі. Сол сияқты кісіні бақылыққа аттандырып болғаннан соң да, тыныштық бермей өз атақ-абыройларымызды ойлап зәулім, бейіт тұрғызудан жарысқа түсіп кеткендейміз. Бұл шариғатымызды түбегейлі тыйым салынған нәрсе. Мұның астында жатқан мәйітке үлкен зияны болмаса еш пайдасы жоқ.

Шариғаттың бізге белгілеп берген жолынан аспайық. Бұдан тыс жасалғанның барлығы ысырапшылыққа алып келеді. Ендеше шариғатта үлкен күнә саналатын, дәстүріміз де құптамайтын биік, күмбездеп биік бейіт салу үрдісін тоқтатуымыз керек. Осыған кеткен ақшаны, сол мәйттің атынан қайырымдылыққа берілсе нұр үстіне нұр болып, сауабы мәйітке де, сондай қайырлы іс істеген біздерге де жазылар еді.

Қазақ «Өлі разы болмай, тірі байымайды» деген. Өлілерді тек арттарынан дұға жасау арқылы, олардың туған-туыстарын, дос-жарандарына сый құрмет көрсету арқылы разы қыла аламыз. Яғни сондай істеріміз арқылы оларға мол сауап жолдай аламыз. Тірісінде пайда беруі мүмкін болған мал-дүниеміз, дүние салғаннан соң қанша шашылып, сарай тұрғызсақ та зияны болмаса пайдасы тимесі анық. Сондықтан да ой жүгіртіп, ақылға салып, өліге де, өзімізге де пайдалы іспен айналысайық.

Алла Өзінің сүйікті құлдары қатарынан етіп, ысырапшылдықтан сақтап, біздерге берекесін жаудырсын. Шайтаннан сақтап Пайғамбарымыздың (с.а.с) сүннетімен жүруді нәсіп қылсын. Әмин!

Талғат ОМАРОВ,
«Ақмешіт-Сырдария» мешітінің бас имамы.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі №923 қаулысы
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде
18.05.2015 жылы № 4981 тіркелген

Облыстық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесін бекіту туралы

«Автомобиль жолдары туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Облыстық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. «Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Н.Н.Әлібаевқа жүктелсін.
4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі **Қ. Көшербаев.**

КЕЛІСІЛДІ:
Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму министрлігі
Автомобиль жолдары комитетінің
төрағасы
_____ М. Пішембаев
«23» сәуір 2015 жыл

Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы
«17» сәуірдегі №923 қаулысына қосымша

Облыстық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесі

№	Жолдардың атауы	Ұзындығы, км
	Қармақшы ауданы	
1	Самара-Шымкент-Жосалы-Жалағаш (0-42 км)	42
	Жалағаш ауданы	
2	Самара-Шымкент-Жосалы-Жалағаш (42-74 км)	32
	Сырдария ауданы	
3	Самара-Шымкент-Теренөзек (0-18 км)	18
	Шиелі ауданы	
4	Самара-Шымкент-Түгіскен-Байконже-Шиелі (112,2-152,2 км)	40
5	Самара-Шымкент-Жеміс-Жидек-Бестам-Шиелі(0-25 км)	25
	Жаңақорған ауданы	
6	Самара-Шымкент-Жаңақорған (0-6 км)	6
7	Самара-Шымкент-Түгіскен-Байконже-Шиелі (0-112,2 км)	112,2
	Барлығы	275,2

Аббревиатураның толық атауы: км - километр

Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі №924 қаулысы

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде
18.05.2015 жылы № 4982 тіркелген

Облыстық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары индекстерінің атауларын бекіту туралы

«Автомобиль жолдары туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Облыстық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары индекстерінің атаулары осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. «Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Н.Н. Әлібаевқа жүктелсін.
4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі **Қ. Көшербаев.**

КЕЛІСІЛДІ:
Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму министрлігі
Автомобиль жолдары комитетінің торағасы
_____ М. Пішембаев
«___» _____ 2015 жыл

Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы
«17» сәуір №924 қаулысына қосымша

Облыстық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары индекстерінің атаулары

№	Автожолдардың индексі	Жолдардың атауы	Ұзындығы, км
		Қармақшы ауданы	
1	KN-1	Самара-Шымкент-Жосалы-Жалағаш (0-42 км)	42
		Жалағаш ауданы	
2	KN-2	Самара-Шымкент-Жосалы-Жалағаш (42-74 км)	32
		Сырдария ауданы	
3	KN-3	Самара-Шымкент-Теренөзек (0-18 км)	18
		Шиелі ауданы	
4	KN-4	Самара-Шымкент-Түгіскен-Байконже-Шиелі (112,2-152,2 км)	40
5	KN-5	Самара-Шымкент-Жеміс-Жидек-Бестам-Шиелі(0-25 км)	25
		Жаңақорған ауданы	
6	KN-6	Самара-Шымкент-Жаңақорған (0-6 км)	6
7	KN-7	Самара-Шымкент-Түгіскен-Байконже-Шиелі (0-112,2 км)	112,2
		Барлығы	275,2

Аббревиатураның толық атауы: км - километр

Тіл жойылса, ұлт жойылады. Сондықтан қай кезде де болмасын төл тіліміз төрде тұруы қажет. Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйытқысы болған оның ғажайып тілі екені даусыз. Тарих қойнауына қатталған мәдениет, салт-дәстүр, әдеп-ғұрып бәрі де тіл арқылы жетті. Осы ретте сөйлессін» деген сөздерінің астарында үлкен мән жатыр. Шүкір, қазір еліміз есін жиып, тәуелсіздікке қол жеткізді. Бабаларымыз армандаған күнге ұрпағы жетіп бейбіт те тыныш өмір сүруде. Бұл бізге оңайлықпен келген олжа емес. Аз уақыт ішінде бағындырған асулар да аз болмады. Ең бастысы, тілден артық қасиет жоқ

РУХАНИ БАЙЛЫҚ БАСТАУЫ

Мемлекет басшысы Н.Назарбаев «Ұлттық тіл – қазақ ұлтының рухани, мәдени байлығын ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші қасиетті құрал» деп тегін айтпаса керек. Біз сол құнды мұраларымыз арқылы өзімізді әлем елдері алдында биік дәрежеде ұстай отырып, мойындата алдық. Өйткені, біздің бай тіліміз бар.

Тіл – кез келген ұлттың өзгеден айырмашылығын аңғартып тұратын ерекше белгі. Сондай-ақ, белгілі алаш қайраткері Ғұмар Қараш өзінің «Ұлт һәм туған тіл» атты еңбегінде "Тіл болмаса, ұлт та болмайды. Яғни, ол ұлт бүтіндей өлген, жоғалған ұлт болады. Ұмытпаңыз: Өзімізді басқа ұқсас халықтан айыратын белгіміз болған ана тілімізді білсек қана...мақсаттарға жетеміз» дейді. Ал, Елбасы Н.Назарбаевтың «Өз тілімізбен өмір сүрейік», «қазақ қазақпен қазақша екенін кештеу болса да түсіндік. Енді ана тіліміздің одан әрі тереңдеуіне барлық жағдай қарастырылуда.

Еліміз көпұлтты мемлекет болғандықтан онда тұратын түрлі халықтардың ана тілімізді еркін меңгеруіне мүмкіндіктер берілген. Қазақ тілін үйрететін арнайы курстар мен дайындық сыныптары жұмыс жасауда. Түрі басқа болғанымен, тілі бір бауырлар бір атаның баласындай бір шаңырақ астында ғұмыр кешіп келеді. Олар ана тілімізді құрметтейді. Қазақ тілінде білім алып, ортақ Отанымыздың ертеңі үшін еңбек етіп келеді.

Әйтсе де мемлекеттік тілді өрістету үшін әлі де атқарылар шаралар аз емес. Әсіресе, мемлекеттік қызмет саласындағы талап қатаң орындалуы тиіс. Бұл біздің тілімізге деген жанашырлығымыз болар еді. Тіпті жарнамалар мен атаулардың қазақ тіліндегі мазмұны мен аударылуы кейде көңілден шыға бермейтіні рас. Осы келеңсіздіктермен күресіп те жатырмыз. Бірақ бәрі бірден болмайды. Бірте-бірте сауатты дүниелер орын алмасатыны анық. Дегенмен, тілімізге жанашыр аға буын өкілдері мен патриот жастар барда бұл мәселе өз шешімін табады деген ойдамын. Олар ана тілімізді насихаттап, ой санасына қозғау болатын шаралардың өтуіне ұйытқы болып келеді.

Тіл – ұлтымыздың ұлылығын, еліміздің ерекшелігін танытатын ата-бабамыздан қалған асыл қазына. Оның қадірін түсініп, қастерлеп, болашақ ұрпаққа мұра ретінде қалдыру басты міндетіміздің бірі. Сонымен қатар еліміздегі барлық ұлт өкілдері қадірлейтін және барлығын бір мақсатқа біріктіретін құрал болуы шарт. Осы бағытты жүзеге асыру негізінде тіл туралы заңдылық Конституциямыздан бастау алады және тіл саясаты нақты да нәтижелі жұмыстарды талап етеді.

Ұлттың рухани байлығының бастауы – тілі. Оны қадірлеу әрбір азаматтың перзенттік парызы деп ойлаймын. Қастерлі ана тіліміз бізді ғасырдан ғасырға, заманнан заманға аман жеткізген бірден-бір арымыз да, нарымыз да.

Сара ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ.

● МҮШӘЙРА

ЗАҢҒАР ЗЕЙНОЛЛАНЫҢ РУХЫ АСҚАҚТАЛДЫ

Құрыш қазақ атанған Сыр өңірінің тумасы, қайсар қаламгер Зейнолла Шүкіровтің қаламынан туған жалынды жырлары ақынның өкшесін басқан жас ақындардың шалқар шабытына өзіндік өрнек салып келеді. Себебі желісінен үзілмей келе жатқан облыстық жыр мүшәйрасы поэзия әлеміне жол ашқан жаңа есімдерді шығаруда.

Қатал тағдырға қасқаң қарсы тұрып, өзінің мазмұнды жырлары арқылы халықтың жүрегінен орын тапқан Зейнолла Шүкіровтің өскелең ұрпаққа қалдырған мол мұрасы қара сөздің қадірін түсінетін қараша халықты рухани байытты.

Иә, Зейнолла Шүкіровтің қаламынан туған, ағыстай өмірді кестелі жырларымен көмкерген оның туындылары өміршеңдігімен құнды. Еліне рухани қазына қалдырып кеткен Зейнолланың рухын асқақтату мақсатында «Руханиятты жаңғырту» қоғамдық қоры мен әдеби-мәдени, тарихи-танымдық «Әлімсақ» журналы «Бір жұлдыз болып жанам мен» атты облыстық жас ақындардың мүшәйрасын өткізді.

– Зейнолла Шүкіровтің есімін жас ұрпақтың санасына сіңіру және насихаттау, талантты жастардың шығармашылық ізденісін арттыру, жас ақындардың шеберлігін шыңдап, қаламын ұштай түсу – мүшәйраның басты мақсаты, – дейді «Руханиятты жаңғырту» қоғамдық қорының директоры Нұрлан Нұрмаханов.

Төртінші жыл қатарынан ұйымдастырылып келе жатқан мүшәйраның жыл өткен сайын өрісі кеңейіп келеді. Мүшәйраның бірінші кезеңінде биыл 88 жасқа келген Зейнолла Шүкіров мүшәйрасында 88 жас ақынның өлеңдері келіп түсті. Қазылар алқасының сараптауынан өткен жиырма жас ақын екінші айналымға жолдама алды. Іріктеуден өткен жас ақындар екі бағытта, Зейнолла Шүкіровке арнау өлеңдері мен өз шығармашылықтарынан еркін өлеңдерін оқып, бақ сынасты.

Жыр додасына қазылық еткендер жас ақындардың жүрегінен шыққан жыр-арнауларына кәсіби тұрғыдан баға беріп, пікірлерін ортаға салды.

Байқау қорытындысы бойынша арнайы үш номинация иегері анықталды. Атап айтқанда, «Теңіз жүрек» номинациясын №15 мектеп-лицейінің оқушысы Бекет Қонарбай, «Өмір өлең» номинациясын Қазалы ауданындағы Қ.Сәтбаев атындағы №216 мектептің оқушысы Ардақ Амангелдина, «Үкілі үміт» номинациясын №11 орта мектебінің оқушысы Зейін Шанжархан иемденді.

Жыр жүйріктерінің бағы мен бабы қатар шапқан мүшәйрада жүлделі үшінші орынды «Болашақ» университетінің студенті Рыскелді Жахман, Қазалы ауданы Қожабақы ауылындағы №25 орта мектебінің оқушысы Дина Бөкебай қол жеткізді. Екінші орын Қазалы ауданынан ат терлетіп келген арқалы ақын Есет Табынбаевқа буйырды. «Жүйрікте де жүйрік бар. Шын өнер өзін мойындатты» дегендей, додалы жарыста топты жарып шыққан ақын қыз М.Мәметова атындағы гуманитарлық колледждің студенті Нәбира Ешниязова бірінші орынға ие болды.

Гүлнұр РЕЙМБЕРГЕН.

БІЛІМНІҢ БИІГІ – ҒЫЛЫМ

Жуырда Хайдар Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінде республикалық «Үздік ғылыми жобалар» байқауы өтті.

Онда жан жақтан ағылған жас дарындар ғылыми жобаларымен қатысты. Осы байқауда қаламыздағы №268 орта мектептің 9-сынып оқушысы Сағыныш Аман 52 ғылыми жобаның ішінде оза шықты. Оның «Айбарлы, ақсүйекте Қожжан әулие» тақырыбында қорғаған ғылыми жобасы қазылар алқасын тәнті етті. Бұдан өзге II, III дәрежелі дипломдармен осы мектептің түлектері Аружан Санақұлова мен Меруерт Нұрғали бейнелеу және алгебра ғылымына қосқан үлесі үшін марапатталды. Ғылыми жетекшілері Райхан Сәулебекова, Маржан Пірекеева және Жарқынай Шерімбетова университет басшылығы атынан алғысқа бөленіп, арнайы сыйлықтармен марапатталды.

«Университеттік бизнес инкубатор» корпоративтік қоры және Жас ғалымдар Кеңесі бірлесіп, тұңғыш рет өткізілген байқау алдағы уақытта да жалғасын табатын болады. Қызылординалық жас ғалымдар енді алдағы уақытта өтетін ғылыми байқауға осы бастан әзірлікті бастап кетті.

Ғылым күніне орай ұйымдастырылған осынау іс-шаралар легі жас ғалымдар мен ғылым саласындағы қызметкерлердің нәтижелі еңбегінің жемісі.

Нұрбек САҒАТҰЛЫ.

ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

«Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі, 120003, Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, құрылыс 1. Анықтама үшін телефондары: 8(7242) 605547, факс 8 (7242) 605441 info@usx.orda.gov.kz «Б» корпусы бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:

1. Бюджеттік қаржыландыру және мемлекеттік сатып алу бөлімінің бас маманы (негізгі қызметкердің 2016 жылдың 8 сәуіріне дейін бала күтіміне арналған демалыс уақытында (D-O-4 санаты №01-5-2, 1 бірлік). Лауазымдық жалақысы мемлекеттік қызмет өтіліне қарай 64063 теңгеден 86485 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері:

Басқарма қызметкерлерінің еңбек ақысын ай сайын алашақ-берешек есебін есептеп, жалақы есептеу кітабын жүргізу және алашағын бет есептеріне аудару;

Қалалық салық басқармасына жеке тұлғалардан ұсталған табыс салық, еңбек ақыға әлеуметтік қамсыздандыру қорларына тапсырылатын айлық және тоқсандық есептерін тапсыру;

Басқарманың жылдық бюджеттік өтінімін әзірлеу және тапсыру;

Басқарманың жылдық қаржыландыру жоспарын әзірлеу, бекіту, өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

Мемлекеттік сатып алу Заңына сәйкес, рәсімдер жүргізілуін және айлық, тоқсандық, жарты- жылдық есептерді тапсырылуын ұйымдастырады;

Облыстық статистика басқармасына айлық, тоқсандық еңбек ақы жөніндегі Ф-№16, материалдар мен негізгі қорлардың қозғалысы Ф-№11 тапсыру.

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар:

Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес (экономика, есеп және аудит, қаржы) мамандығы бойынша жоғары білім.

Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі қызмет көрсету, экономика және басқару (экономика, есеп және аудит немесе қаржы) білімі барларға ұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы саналтағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттік жаңа саяси бағыты» стратегиясын білуі.

Осы саналтағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

2. Мал шаруашылығын дамыту бөлімінің бас маманы (негізгі қызметкер 1 жылға дейін жалақысы сақталмайтын демалыс уақытында (D-O-4 санаты №01-6-3, 1 бірлік). Лауазымдық жалақысы мемлекеттік қызмет өтіліне қарай 64063 теңгеден 86485 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері:

Мал шаруашылығы саласына жаңа технологияларды енгізу және дамытудың проблемалары, міндеттерін, шешу жолдары туралы өткізілген Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның ұсынымдарын жүзеге асыруды ұйлестіру және БАҚ-ы арқылы кеңінен насихаттап отыру;

Қолдан ұрықтандыру пункттерін ашуға байланысты жұмыстарды ұйлестіру; Мал тұқымын асылдандыру мен қолдан ұрықтандыру жұмыстарының маңыздылығын БАҚ-да кеңінен насихаттау;

Облысқа сырттан сатып әкелінетін асыл тұқымды малдардың зооветеринарлық ережелерге сай болуына және ҚР АШМ-нің агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясының мемлекеттік бас ветинспекторымен бірлесе отырып жұмыс жүргізу;

Республикалық және облыстық бюджеттерден мал шаруашылығын дамытуға қаралған қаржының шегінде субсидиялау жұмыстарын жүргізу.

Мал өнімдерін өндеу салаларындағы маусымдық атқарылатын жұмыстарды жүргізуді ұйлестіру, аудандар бойынша мал басына және өндірілген мал өнімдеріне талдау жасау.

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар:

Ауылшаруашылығы ғылымдары (мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы, аграрлық техника және технология) немесе ветеринария мамандығы бойынша жоғары білім.

Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі ауыл шаруашылығы, ветеринария және экология (фермер шаруашылығы, зоотехник, ветеринария) білімі барларға ұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы саналтағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттік жаңа саяси бағыты» стратегиясын білуі.

Осы саналтағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:
1) нысанға сәйкес өтініш;
2) 3х4 үлгідегі суретпен нысанға сәйкес толтырылған сауалнама;
3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;
4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;
5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;
6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;
7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариатты куәландырылған көшірмесі).

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді. Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады. Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттары олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады. Азаматтар жоғарыда аталған құжат тізілетін мұқабада орналастырылған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе почта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады.

Азаматтар жоғарыда аталған құжаттарды хабарламада көрсетілген электрондық почта мекен-жайына электронды түрде бере алады. Конкурсқа қатысу үшін жоғарыда көрсетілген құжаттарды электрондық почта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күн бұрын кешіктірілмей береді. Жоғарыда аталған құжаттардың түпнұсқасы берілмеген жағдайда тұлға әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру БАҚ-та («Қызылординские вести» және «Сыр бойы» басылымдары) соңғы жарияланған күннен бастап он жұмыс күні ішінде «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі, 120003, Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі н/з 211 кабинетте қабылданады.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер конкурс комиссия шешім қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әңгімелесу өткізу күні туралы конкурс комиссиясының хатшысымен хабарландырылады. Хабарландыру қатысушылардың электрондық мекен-жайларына және ұялы телефондарына ақпарат жіберу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Үміткерлермен «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі, 120003, Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі н/з 208 бөлмеде әңгімелесуге шақырған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметке емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Осы Қағидалардың мемлекеттік органның басшысымен (жауапты хатшы) конкурс комиссиясының отырысына сарапшылардың қатыстырылуына жол беріледі. Сарапшы ретінде конкурс жарияған мемлекеттік органның қызметкері болып табылмайтын, бос лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар, сондай-ақ персоналды іріктеу және жоғарылату бойынша мамандар, басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихат депутаттары қатыса алады.

«Б» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына үміткерлер Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агентігінің Астана, Алматы, Атырау, Көкшетау, Павлодар, Тараз, Өскемен, Орал, Петропавл, Қостанай, Қызылорда, Қарағанды, Талдықорған, Ақтөбе, Ақтау және Шымкент қалаларындағы аймақтық тестілеу орталықтарында белгіленген тәртіппен өтеді.

D-O-4 санаты үшін тестілеу бағдарламасы: мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма); логикалық тест (10 тапсырма); Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясы (15 сұрақ); «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының конституциялық заңдары; «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ), «Әкімшілік рәсімдер туралы» (15 сұрақ), «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ), «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

«Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің конкурстық комиссиясы.

ХАБАРЛАМА

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ «Құмкөл кенішінің оңтүстік-шығыс бөлігіндегі құбыр желісін ауыстыру», «Құмкөл Оңтүстік кенішіндегі құбыр желісін ауыстыру» және «Шығыс Құмкөл кенішіндегі құбыр желісін ауыстыру» жобалары бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қазыбек би к., 13 мекенжайында және Azhimurat.Orazbayev@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: (7242) 29-92-11.

***

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес «Құмкөл кенішінің оңтүстік-шығыс бөлігіндегі құбыр желісін ауыстыру», «Құмкөл Оңтүстік кенішіндегі құбыр желісін ауыстыру» және «Шығыс Құмкөл кенішіндегі құбыр желісін ауыстыру» жұмыс жобалары жөніндегі құжаттаманың Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі Экологиялық реттеу, бақылау және мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қызылорда облысы бойынша экология департаментіне мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны (7242) 29-92-11.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Сырдария ауданы, Қалжан ахун ауылындағы «БАҚ» шаруа қожалығы мүшелерінің жалпы жиналысы 2015 жылдың 30 мамырында сағат 10.00-де ауыл орталығындағы клубта өтеді. Байланыс телефоны: 8 (72436) 26 6 37, 8 777 562 21 00.

«Сыр бойы», «Кызылординские вести» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: ***70-00-49, 70-00-52*** *телефондары арқылы байланысуға болады.*
E-mail: ***smjarnama@mail.ru***

ЖАРҚЫН БЕЙНЕҢ ЖҮРЕГІМІЗДЕ

Қасиетті Жер-Ананы жаратқан, аспанға Ай мен Күн орнатып, қаласа әлемге жарық таратқан, қаһарланса қаратүнек орнатқан құдіреті шексіз, мейірім мен шапағаты мол Алла тағаланың сыйы мен сыны қапталдасып қатар жүреді. Аманатқа берілген тағдыр сый болса, арманы көп аз өмірде кездесетін сан сында сыр бермеу, майыссаң да сынбау сын.

Күрмеуі қатты күрделі өмірдің сыйында тасымаған, қиындығында жасымаған сондай асылдардың бірі Роза Мүсілімқызы Жоламанова еді. Ол 1958 жылы 21 қаңтарда Шымкент облысы, Бөген ауданы, Төрткөл ауылында дүниеге келді. 1975 жылы сол ауылда орта мектепті алтын медальмен бітірген соң Алматыдағы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) математика факультетіне оқуға түсіп, оны 1980 жылы бітірісімен Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтының (қазіргі Қорқыт Ата атындағы ҚМУ) физика-математика факультетінде ұстаздықтан бастап, өмірінің соңына дейін осы университетте аға оқытушы қызметін атқарды. Ол бар саналы ғұмырын кәсіби сапалы мамандар даярлау ісіне арнап, шәкірттерінің ыстық ықыласы мен ілтипатына, құрметіне бөленген ардақты ұстаз еді. Өзі де сыпайы, ағайын-туысқа, жолдас-жорағa, қызметтестеріне қол ұшын беріп, көмектесуге дайын тұратын шынайы кейпінен бір сәт айныған емес. Балаларының рахатына бөленем деген шағында бақилық сапарға аттанып кете барды. Бірақ, Алла ісіне амал жоқ.

Жатқан жерің жайлы, иманың жолдас, жаның жаннатта болсын дейміз.

Жоламанова Роза Мүсілімқызының жылдық асы 2015 жылдың 28 мамырында сағат 13-те Қызылорда қаласындағы орталық "Ақмешіт-Сырдария" мешітінде берілетінін барлық ағайын-туыс, құда-жекжат, жора-жолдастарына және қызметтес әріптестеріне хабарлаймыз.

Еске алушылар: **жұбайы Ғалитдин, ұлдары Жанболат, Ғалымжан, Нұрсұлтан.**

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Маханбетов Жұмабектің атына Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Айдарлы ауылынан берілген жерді өмір бойы мұраға қалдырып иеленуге құқық беретін мемлекеттік актісі (КЗ №0090063) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Тулеуов Берик Нургазиевичтің атына Қызылорда қаласындағы №1 1 Май атындағы орта мектепті (Қалтай Мұхамеджанов атындағы №1 мектеп-гимназия) 1992 жылы бітіргені жөнінде берілген аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Дауылова Акберен Кожахметовнаның атына Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кентіндегі №100 орта мектепті 1996 жылы бітіргені жөнінде берілген ОА-II №0281168 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Ильяс Мухаббат Кидираликызының атына Қызылорда облысы, Шиелі ауданындағы №47 М.В.Ломоносов атындағы қазақ орта мектебінің 9 сыныбын 2009 жылы бітіргені жөнінде берілген №0445969 куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Оразбеков Сабырхан Амангелдіұлының атына Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Досбол би ауылындағы №155 Дүйсенбай Шыныбеков атындағы орта мектепті 19.06.2003 жылы бітіргені жөнінде берілген №0997377 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Нагызбеков Бауыржан Болатовичтің атына Қызылорда инженерлік-экономикалық институтын «Жол қозғалысын ұйымдастыру» мамандығы бойынша 2008 жылы бітіргені жөнінде берілген ЖБ №0046614 (тіркеу №1268, тіркелу күні 06.06.2008 ж.) дипломының жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Мулдаханова Эльмира Жаксылыковнаның атына Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кентіндегі №17 (қазіргі №70 Жанқожа батыр атындағы) орта мектепті 1993 жылы бітіргені жөнінде берілген А 179322 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

КӨПШІЛІКТІҢ СҰРАУЫ БОЙЫНША АТАҚТЫ БАЛГЕР ӘРІ ҚҰТҚАРУШЫ

АННА

Анна осыдан екі жыл бұрын басқа әйелге кеткен менің күйеуімді қайтарды. Бұл жағдай маған

ТУРНИР

«Ақмешіт» республикалық турнирден олжалы қайтты

Астана қаласындағы «Астана-арена» стадионында шағын футболдан журналистер арасында белгілі спорт журналисі Сейдахмет Бердіқұловты еске алуға арналған дәстүрлі турнир болып өтті. Алғаш рет 1996 жылы Алматы қаласында жалауын көтерген жарыс жылма-жыл еліміздің түкпір-түкпірінен жиналатын БАҚ өкілдері арасында тартысты бәсекеге айналды. Биыл оған еліміздің Астана, Алматы қалалары мен Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан облыстарынан журналистерден жасақталған командалар келді. Турнирде бақ сынаған 16 ұжым төрт топқа бөлініп, бәсеке көрігін қыздыра түсті.

Біздің облыс журналистерінен құралған «Ақмешіт» командасы Д тобында сынға түсті. Жерлестеріміз республикалық «24 kz», «Астана ТВ» және Алматы облысының «Жетісуымен» ойнады. Сырдың сырбаз жігіттері бұдан бұрын да бірқатар турнирлерге қатысып, тәжірибе жинақтаған еді. Былтыр Шымкент қаласында өткен «Оңтүстік Қазақстан» газетінің 90 жылдығына арналған турнирде қола жүлдегер атанып қайтты. Үстіміздегі жылы шағын футболдан өткен қалалық біріншілікте «Қаламгер» атауымен бақ сынап, үздік үштіктен көрінді. Осының нәтижесінде журналистер командасы шеберлігін шыңдап, өздерінің тәжірибесін арттыра түсті. Сол тәжірибесі республикалық турнирде де кәдеге жарады. Тіпті, алыстан ат терлетіп барып, жарыста рекорд орнатып қайтты, біздің жігіттер «24 kz» телеарнасының қақпасына жауапсыз он доп тоғытты. «Жетісумен» 1:1 есебімен тең түсті. Өкінішке орай, «Астана ТВ» қызылордалық журналистердің алдын орап кетті, оларға 1:4 есебімен жол берді.

Өз тобында 4 ұпай алған «Ақмешіт» ширек финалда «Қазспорт» телеарнасын 2:1 есебімен тізе бүктірді. Жартылай финалда олар өткен жылғы турнир жеңімпазы – «Алматы ТВ» ұжымынан 0:2 есебімен жеңіліп, үшінші орын үшін сайыста Оңтүстік Қазақстан облысынан келген журналистермен кездесті. Шымкенттік жігіттер де былтыр қола жүлдегер атанып қайтқан еді. Сондықтан жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Алаңның әрбір шебінде тартысты бәсеке болды. Ойынның негізгі кезеңі 1:1 есебімен тең аяқталып, үшінші орын иегері пенальти тебу арқылы анықталды. Бұл жолы біздің жігіттер мергендік танытты. Осылайша турнирге тұңғыш рет қатысқан қызылордалық журналистер жүлделі орыннан көрінді. Турнир жеңімпазы «Алматы ТВ» өткен жылғыдай Алматыдан келген «Хабар» командасын 2:1 есебімен жеңді.

«Ақмешіттің» сапында Ә.Жақанов, Н.Нұрмаханов, Б.Қожахметов, Қ.Құлахметов, Е.Батыршаев, Н.Батыршаев, Қ.Бекенов, Т.Әйімбетов сынды жігіттер ойын көрсетті. «Егемен Қазақстан» газетінің Қызылорда облысындағы меншікті тілшісі Ержан Байтілес команданың құрылуына атсалысып, олардың турнирге қатысуын ұйымдастырды.

Ә.ТҰРСЫНБЕКҰЛЫ.

ДИДАРҒАЙЫП

ІЗЕТТІ ІНІ, СЕНІМДІ СЕРІК ЕДІ...

Өзің жақсы білетін адамның өмірден өткенін естігенде көңілің құлазиды. Көз алдымызда ер жеткен Дінмұхаммед інімізден айырылып қалыппыз. Үлкенге ізетті, кішіге қамқор еді. Үнемі күлімсіреп тұратын. Өмірге іңкәрлікпен қарайтын. Көзі ойлы еді.

Дүмәнініміз екі ғасырдың тоғысында үйленіп, Алматыда дүрілдетіп той өткізгенбіз. Қазақтың қабырғалы қаламгері, Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының сол кездегі орынбасары, арқалы ақын, парасатты прозашы Ғабиден Құлахметов құдалар жағынан келіп, «Құрметті наймандар мен меймандар!» деп арқырап тұрғаны күні кеше ғана сияқты еді.

Ол бізге жақсы іні болды. Жақсы іні болу деген ертелі-кеш қасыңнан шықпай, күн сайын хабарласып тұру деген сөз емес. Ең бастысы, қай- қайсысымызға да оның ниеті ақ, көңілі адал еді. Сол себепті баршамызға өте қымбат еді. Сонысымен жалғыз Нәжмадин Шамұратовқа ғана емес, бәрімізге де ізетті іні бола алып еді. Сондықтан біз хабар алғанда, көп нәрсені қинала еске түсірдік.

Оның кәсібі жолсерік еді. Өмірде де талай адамға сенімді серік болды. Енді мәңгіліктің жолында иманың серік болсын дейміз оған. Алыста жүрген ағаларының атынан...

Бауыржан ОМАРҰЛЫ.

ТЫҢ ТУЫНДЫ

БАТЫРЛАР БАСҚАРҒАН АУЫЛ

Тағы бір тың туынды қолымызға тиді. «Батырлар басқарған ауыл» атты кітап авторлары Жалғасбек Аманов пен Кендебай Сейітов. Жақында ғана баспа жүзін көрген жаңа кітапты тұшына оқып шықтық, пікір жазуды парыз санадық.

Жалпы бүгінде кітап шығару таңсық емес. Баспалардан шығып жатқан көп туындының оқылмай, тек сөреде сіресіп тұратындығы тағы шындық. Бірден айтайық, «Батырлар басқарған ауыл» олардың қатарынан емес. Ауыл тарихы жайлы алғашқы тараудан бұл елді мекеннің ертеден-ақ жақсылар мен жайсаңдардың тұрағы болғаны баяндалады. Он тоғызыншы ғасырдың бастапқы кезеңінде дәл осы мекенде Көтібар Итаяқұлы есімді зиялы өмір сүріпті. Байлықтың малда ғана емес екенін ұққан ол балаларды оқытуға, жаңаша тұрмыс құруға мұрындық болған деседі. Елді отырықшы өмір салтына үйретуге бел шеше кірісіпті. Қазіргі ауыл маңындағы ескі арықтар сілемі сол кісіден қалған бір белгі болса керек. Батырлар басқарған ауыл жайлы бұрынғы сөз осындай дерек айтады.

Замана ағымымен әр түрлі атау иеленген бұл ауыл Кеңес Одағының батыры Нағи Ілиясовтың кіндік кескен жері. Сондықтан болар 1966 жылы кеңшарға директор болып тағайындалған майдан батыры еңбекте де елдің алдында жүруге тырысты. Кеңшар орналасатын ауылдың алғашқы қазығын қақты. Әлеуметтік нысандар салуға ұйытқы болды. Батыр бастаған ауылда жақсы іс бастау алды.

1972 жылы Қазақ ССР-нің 50 жылдығы кеңшарына басшылыққа келген Алдаберген Бисенов ел алдындағы еңбегі үшін Социалистік Еңбек Ері атағын иеленген басшы еді. Осыған дейін «Жаңаталап» кеңшарын түлеткен қайраткердің тұсында «Қазақ ССР-нің 50 жылдығы» өркендеу жолдарынан өтті. Атағы облыстан асып, республикаға жайылған үлгі-тірек шаруашылығына айналды. Бір сөзбен айтқанда, Алдекең елін соңынан ерте білетін ерен тұлға болды. Еңбек ері өзі жетекшілік еткен елді мекенді түлетті. Майданда қолына қару алып, ел шебін күзеткен, елде еңбекті ту еткен қайраткердің әрдайым құрмет төрінде тұратыны осыдан.

Тоқсаныншы жылдардың басындағы экономикалық қиындықтан батырлар басқарған ауыл тұрғындарының сәл абдырап қалғаны рас. Бірақ осы топырақтан түлеген азамат Абзал Ерәлиев ағайынға бас болды. Аз жылда қос батыр басқарған ауылды абат баққа айналдырды. Туған жерін түлетуді өзіне парыз санап, қос батырдың ізін жалғаған Абзал Қазақстанның Еңбек Ері атанды. Ерекше түрленген елдің бүгінгі бейнесі де кітапта көрініс табады. Бір сөзбен айтқанда, «Батырлар басқарған ауыл» талабымен тау шыңына шыққан ерлерге деген ел құрметі іспетті.

Е.ӘБДІР.

Хабарландыру

Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы көлемді «Бизнес-Мектеп» жобасының басталғандығын хабарлайды.

«Бизнес-Мектептің» аясында:

1. **«Бизнес-Кеңесші»** жобасы бойынша кәсіпкерлікті жүргізуге негізделген қысқа мерзімді оқу.

Оқу мерзімі – 2 күн.

Тыңдаушылар – тұрғындар, кәсіпкерлер.

2. «Бизнес-Кеңесші» сертификаты бар кәсіпкерлерге арналған кәсіпкерлікті дамытуға арналған **«Бизнес-Өсім»** жобасы бойынша қысқа мерзімді оқу.

Оқу мерзімі – 2-5 күн.

Тыңдаушылар – жұмыс жасап тұрған кәсіпкерлер.

3. Тәлімгерлік қағидаты аясындағы жобалық оқыту. Оқытылу мерзімі 3 аптадан басталады.

Оқу мерзімі – 3 аптадан басталады (кесте бойынша).

Тыңдаушылар – тұрғындар, кәсіпкерлер.

Оқу курсының қорытындысымен қатысушыларға сертификат беріледі.

Оқу тегін.

Өтінімдер Қызылорда қаласы, Қазантаев 32 мекен-жайында орналасқан Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасында және аудандарда Кәсіпкерлер палатасы филиалында орналасқан Кәсіпкерлікті қолдау орталықтарында қабылданады.

Анықтама үшін телефон: 40-08-74.

2015 жылдың 21 мамырдағы мүлкті жария етуге байланысты есептіліктің қорытындысы

Аудан	Келіп түскен өтініштер саны	Орны
Қызылорда қаласы	287	1
Қармақшы ауданы	55	2
Жаңақорған ауданы	48	3
Шиелі ауданы	20	4
Жалағаш ауданы	18	5
Қазалы ауданы	14	6
Сырдария ауданы	**11**	**7**
Арал қаласы	**11**	**7**
Арал ауданы	**6**	**8**
Қазалы қаласы	**1**	**9**

ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

«Қармақшы ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, 120500, Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Т.Рысқұлов көшесі №2/А үй, анықтама үшін телефондары 8(7243) 72-19-59, факс 8(7243) 72-19-59. karmakchi@mail.ru

«Б» корпусы бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға конкурс жариялайды:

1. Қармақшы ауданы әкімі аппаратының кадр жұмысы (персоналды басқару) бөлімінің басшысы (санаты Е-3, индексі №03-1) - 1 бірлік. Лауазымдық жалақысы мемлекеттік қызмет өтіліне қарай 78798 теңгеден 106345 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері:

Жоғары органдар мен аудан әкімінің қабылдаған актілерінің орындалуына, олардың іске асырылуына ұйымдастыру жұмыстарын жүргізеді. Мемлекеттік органның персоналды басқару стратегиясын әзірлейді және іске асырады, мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшелерінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасын орындауы жөніндегі қызметін үйлестіреді. Бөлімге келіп түскен арыз-өтініштердің орындалуын қамтамасыз етеді. Мемлекеттік органның кадрлық, оның ішінде мамандық және біліктілік бойынша қажеттілігін талдау және жоспарлауды, мемлекеттік органның кадрлық құрамын қалыптастыру, конкурстық іріктеуді ұйымдастырады. Кадрларды іріктеу жұмыстарын ұйымдастырады, мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік қызметті өткеруіне байланысты құжаттарды рәсімдейді. Мемлекеттік органның кадр мониторингі және кадрлық іс жүргізуді, оның ішінде «е-қызмет» персоналды басқарудың ақпараттық жүйесі арқылы жүргізеді. Мемлекеттік органның персоналды басқарудың тұтас жүйесі шеңберінде мемлекеттік қызметті өткеруді қамтамасыз етеді. Мемлекеттік органда кәсіби бейімделу мен тәлімгерлікті ұйымдастырады.

Мемлекеттік органның кәсіби кадрлық дамуын, ішінде қайта даярлау, біліктілігін арттыру, тағылымдамалардан өтуін ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етеді. Конкурстық, аттестаттау, тәртіптік және кадр мәселелері жөніндегі өзге де комиссиялардың қызметін ұйымдастыру және қамтамасыз етеді. Мемлекеттік қызметке кіру, өткеру және тоқтату рәсімдерін сақтауды қамтамасыз етеді. Мемлекеттік қызметшілердің қызметіне бағалау жүргізуді ұйымдастыру, олардың аттестаттау рәсімдерінің сақталуын қамтамасыз етеді. Мемлекеттік органда ұжымдық мәдениетті қалыптастыру және қолайлы әлеуметтік-психологиялық еңбек климатын дамытуды жүзеге асырады. Мемлекеттік органда еңбек заңнамасы мен мемлекеттік қызмет туралы заңнаманың орындалуын қамтамасыз ету, еңбек режимі мен жағдайларының сақталуын, сондай-ақ мемлекеттік қызметте болуға байланысты шектеулердің сақталуын қамтамасыз етеді. Мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік және құқықтық қорғалуын қамтамасыз ету, мемлекеттік орган басшысына оларды көтермелеу және ынталандыру бойынша ұсыныстарды енгізуді жүзеге асырады. Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамамен айқындалатын персоналды басқару бойынша өзге де міндеттер мен функцияларды іске асырады. Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес өзінің міндеттері мен функцияларын іске асыру үшін қажетті жөніндегі өкілеттіктерді иеленеді. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңымен және «Мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) туралы» үлгілік ережемен жүктелген міндеттер мен функцияларды орындау үшін қажетті мәліметтер мен құжаттарды мемлекеттік органның басқа құрылымдық бөлімшелерінен сұратады және алады. Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органымен өзара іс-қимыл жасайды.

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар:

Жоғары кәсіптік білім.

Жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

1) мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес;

2) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда жұмыс өтілі екі жылдан кем емес;

3) жоғары және жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтауы;

4) ғылыми дәрежесінің болуы.

2) Қармақшы аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің бюджеттік жоспарлау секторының бас маманы (санаты Е-R-4, индексі №13-05) - 1 бірлік. Лауазымдық жалақысы мемлекеттік қызмет өтіліне қарай 56376 теңгеден 76235 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері:

Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы және бюджеттік параметрлері болжамын әзірлеу, аумақтарды дамытудың 5 жылға арналған бағдарламасын әзірлеуге қатысу, бағдарламалардың іске асырылуына мониторинг пен оны бағалау жүргізу жұмыстарына қатысады. Аудандық жергілікті бюджеттің жобасы мен болжамын әзірлеуге қатысады. Бюджеттік қатынастар мен бюджет процесі бойынша жұмыстарды жүргізу, аудандық бюджеттік комиссияның жұмысын ұйымдастыруға мәліметтерді дайындайды. Жергілікті бюджеттік бағдарлама әкімшілері бойынша бюджеттік өтінімдерін қарап, тексеріп, талдап, олар бойынша қорытынды жасау. Бюджеттен қаржыландырылатын мекемелердің штаттық бірліктерінің сақталуын қадағалайды, жалақы қоры туралы тоқсан сайын ақпарат жасайды. Жылдық шығындар тізімдемесін жасауда нұсқау береді, бюджеттік бағдарламалардың орындалуына бақылау жасайды. Жергілікті бюджеттен осы салаларға бөлінген қаржыларға атқарылған жұмыстарды есепке алып отырады. Басшылықтың тапсырмасы бойынша бөлімнің басқа да жұмысын атқаруға қатысады. Бөлімде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл үшін дербес жауаптылықта болады.

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар:

Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес (экономика немесе менеджмент немесе есеп және аудит немесе қаржы немесе мемлекеттік және жергілікті басқару) мамандықғы бойынша жоғары білім.

Жұмыс тәжірибесі талап етілмейді.

Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі қызмет көрсету, экономика және басқару (экономика немесе менеджмент немесе есеп және аудит немесе қаржы) білімі барларға рұқсат етіледі.

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:

1) өкілетті орган белгілеген нысандағы өтініш;

2) 3х4 үлгідегі фотосурет пен осы өкілетті орган белгілеген нысанда толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалдық куәландырылған сертификат көшірмесі).

Егер азамат еңбек өтілін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады. Азаматтар жоғарыда аталған, құжат тігілетін мұқабада орналастырылған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе почта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады. Азаматтар жоғарыда аталған құжаттарды хабарламада көрсетілген электрондық почта мекен-жайына электронды түрде бере алады. Конкурсқа қатысу үшін жоғарыда көрсетілген құжаттарды электрондық почта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күн бұрын кешіктірілмей береді. Жоғарыда аталған құжаттардың түпнұсқасы берілмеген жағдайда тұлға әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру БАҚ-та («Кызылординские вести» және «Сыр бойы») соңғы жарияланған күннен бастап он жұмыс күні ішінде «Қармақшы ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Жосалы кенті Т.Рысқұлов көшесі №2/А үй 19 кабинетте қабылданады.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер конкурс комиссия шешім қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әңгімелесу өткізу күні туралы конкурс комиссиясының хатшысымен хабарландырылады. Хабарландыру қатысушылардың электрондық мекен-жайларына және ұялы телефондарына ақпарат жіберу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Үміткерлермен әңгімелесу «Қармақшы ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде (Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Жосалы кенті Т.Рысқұлов көшесі №2/А үй) әңгімелесуге шақырған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Осы Қағидалардың мемлекеттік органның басшысымен (жауапты хатшы) конкурс комиссиясының отырысына сарапшылардың қатыстырылуына жол беріледі. Сарапшы ретінде конкурс жарияланған мемлекеттік органның қызметкері болып табылмайтын, бос лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар, сондай-ақ персоналды іріктеу және жоғарылату бойынша мамандар, басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихат депутаттары қатыса алады.

«Б» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына үміткерлер Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Астана, Алматы, Атырау, Көкшетау, Павлодар, Тараз, Өскемен, Орал, Петропавл, Қостанай, Қызылорда, Қарағанды, Талдықорған, Ақтөбе, Ақтау және Шымкент қалаларындағы аймақтық тестілеу орталықтарында белгіленген тәртіппен өтеді.

Е-3 - санаты үшін тестілеу бағдарламасы: мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма); логикалық тест (10 тапсырма); Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясы (15 сұрақ); «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» (15 сұрақ); «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ); «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ); «Әкімшілік рәсімдер туралы» (15 сұрақ); «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ); «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (15 сұрақ); «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

E-R-4 - санаты үшін тестілеу бағдарламасы: мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма); логикалық тест (10 тапсырма); Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясы (15 сұрақ); «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ); «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ); «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ); «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (15 сұрақ); «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

«Қармақшы ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің конкурстық комиссиясы.

Меншік иесі:
Сыр медиа
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс 70-00-36

Сыр бойы
Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР
Жұматәли ӘБДІРАМАН
қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары 70-00-43
Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:
руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат - 70-00-41
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап - 70-00-39, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:
Арал, Қазалы:
Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07
Шиелі, Жаңақорған:
Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kz
Газет аптасына 3 рет, сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
"Сыр бойы" облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 "Сапа менеджменті жүйесі" талаптарына сәйкес сертификатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланған газеттің түпкілікті көзқарасын білдіреді. *"АҚ"-ақылы қызмет.
Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4
Газеттің таралымына "Қазпошта" - 23-54-51, "Евразия-Пресс" - 27-62-84 жауапты.
Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4

Таралымы 22754
Тапсырыс № 503
Электронды оқылым 28000.